

Б.Т. ҚАБАТАЙ

Әдебиеттік оқу

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

2

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨЖ 373.167.1

КБЖ 83.3я72

Қ 13

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– бөлімнің аты



– жаңа сабақ



– шығармашылық жұмыс



– суретпен жұмыс



– жеке жұмыс



– жұптық жұмыс



– топтық жұмыс



– сөздік



– жазу жұмысы

Қабатай Б.Т.

Қ 13 Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді/Б.Т. Қабатай. – Алматы: Атамұра, 2017.

ISBN 978-601-306-694-3

2-бөлім. – 2017. – 128 бет.

ISBN 978-601-306-696-7

ӨЖ 373.167.1

КБЖ 83.3я72

ISBN 978-601-306-696-7 – (2-бөлім)

ISBN 978-601-306-694-3

© Қабатай Б.Т., 2017

© «Атамұра», 2017



ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



49

Дене мүшем сау болсын



1. Байлық деген не? Оған қатысты 5 сөз ойластыр. Түсіндір.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Байлық

Бір жарлы жігіт жас күнінде өзін оқытқан ұстазымен жолығып, өзінің бұл күнде кедей екенін айтып, мұңын шағады. Онымен бірге оқыған серіктерінің көбі бай болып, кейбіреулері жұртқа қадірлі кісі болып кеткенде, өзінің әрқашан көрген күні жоқшылық екенін айтады.

– Қалайша сен өзің айтқандай кедейсің? – дейді ұстазы. – Сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың, – деп, шәкіртінің оң қолын көрсетіп сұрайды: – Сен мына қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?

– Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеспін! – дейді жігіт.

– Қаншаға берер едің: жарық дүниені көретұғын қырағы көздеріңді, сақ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды? – дейді ұстаз.

– Мен бұларды дүниенің малына айырбастамас едім, – дейді шәкірт. Сонда ұстаз шәкіртке:

– Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің? – дейді.

Міржақып Дулатов



Сом – теңге шыққанға дейін қолданылған ақшаның аты.

3. Мәтінді рөлге бөліп оқындар.



4. Мәтінге сүйеніп, қажетті сөздерді тап.

Қандай?

... көздерім
... құлақтарым
... аяқтарым

5. Мәтінге сүйеніп, **жарлы** сөзіне мағынасы жуық сөздерді ата.



6. Әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады?



7. **Денсаулық** – зор байлық екеніне дәлелдер келтір.

Үлгі: **Денсаулық** – зор байлық. Өйткені ... көздерім болмаса, не істер едім?



50

Денсаулығым – байлығым



1. М. Дулатовтың «Байлық» әңгімесіндегі негізгі ойды беретін нақыл сөзді ата.

- Спорт – денсаулық кепілі.
- Денсаулық – зор байлық.
- Ас – адамның арқауы.

2. Түсініп оқы.

Байлық пен ақыл

(Ертегі)

Ертеде бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап, былай депті:

– Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім болады. Өрқайсысың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, – депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, – депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы күміспен және асыл тастармен әшекейленген белдігін буынады да:

– Мұндай белдік, – дейді, – ешкімде де болған емес...

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды да, ең кіші ұлына:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді. Сонда кенжесі былай депті:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, қымбат тастармен әшекейленген белдік те жоқ.

Тек еңбексүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім бар.

Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері болады деп кіші ұлын атапты. Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті.



3. Суреттерге қарап, бұл заттардың кімдерге қатысты екенін айт.



4. Мәтіннен кенже ұлдың жауабын тауып оқы. Осы кейіпкерге қатысты қандай сурет салар едің?



5. Саған кімнің жауабы ұнады? Неліктен?



6. Адал еңбек етіп, көп ақша жинадың делік. Ол ақшаны қайда жұмсар едің?



7. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, **мұрагер** сөзінің мәнін түсіндір.



51

Қомағайлық – жаман әдет



1. Суреттегі балалар туралы не айтасың?



2. Мәтіндерді түсініп оқы.

Қомағайлық

(Мысал)

Бір қомағай қонақта отырып, тамақты өте көп ішіп-жепті. Үйіне келген соң, мешкей күпті болып, ауырып қалыпты. Көршісі келіп:

– Саған не боп қалды? – деп сұрайды.

– Қонаққа барған едім. Асты көбірек жеп жіберсем керек, – дейді.

Сонда көршісі:

– Ас біреудікі болғанмен, қарын өзіңдікі екенін ойладың ба? – депті.

Қожанасыр мен ашқарақ

(Аңыз)

Бір тойда ашқарақ біреу қомағайлана ішіп-жегенімен қоймай, қалтасына құрт пен ірімшікті сала

береді. Қасында отырған Қожа әлгінің қалтасына ыстық шай құйып жібереді.



Ашқарақ адамның тез ашуланатын әдеті емес пе:
– Бұл не деген бейбастық, – деп Қожаға дүрсе қоя береді. Сонда Қожа байсалды пішінмен:

– Қалтаң құрт пен ірімшікті көп жеді, шөлдеп қалмасын деп құйғаным ғой, – депті.




Мешкей – тамақты көп ішетін, тойымсыз адам.

Күпті болу – тамақты шектен тыс көп жегеннен ауырып қалу.

Ашқарақ – тамақсау, қомағай адам.



3. Мәтіндерге сүйеніп жаз.

Тамақты өте көп жейтін адам 



4. Мәтіндерге сүйеніп жаз.

- Қомағайлық – ...
- Ас біреудікі болғанмен, ...



5. Асты артық жесең, қандай ауруға душар болады екенсің? Мәтіндерден өзіңе қандай ой түйдің?

6. 8-беттегі суретке зер сал. Мәтіндегі қандай оқиғаға сәйкес келеді? Өңгімеле.



52

Көп ұйықтаған зиян-ау

1. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға дағдылан.
- Ұйқышыл кісіні ұйқы қысты,
Ұйқышыл кісінің ұйқысы күшті.
2. Мәтінді түсініп оқы.

Сүт қалай ұйықтады?

(Ертегі)

Сүт бір күні ұйықтапты.
Қатты ұйықтапты.
Ұйықтағаны соншалық,
Ұйып қапты.
«Ойбай, сүт ұйықтап қапты,
Ұйықтап қапты!
Қарап отырып,

Айран бопты», –
 Дөп ел-жұрт қайран қапты.
 Сүт ұйқысын қоя алмапты,
 Аттандап жатса оянбапты.
 «Ұйқы – дұшпан» деген ғой,
 Сүт бір күні іріп қапты.
 Сүттің мұндай қылығын
 Әжем ғана біліп қапты,
 Не дерін білмей тұрып қапты.
 «Бұл сүтке ұйқы ұя салыпты», –
 Дөпті де әжем айранды
 Бір дорбаға құя салыпты.
 Сүт сонда ғана оянып,
 Еңіреп тұрып жылапты,
 Көзінің жасын бұлапты.
 ...Бәлкім, жұрттың өсегі,
 Өңгіме ғой кешегі.
 «Дорбадан аққан сары су –
 Сүттің көз жасы» деседі.
 «Мұныңыз өтірік» десең де,
 Ертегіге сыяды-ау.
 Әй, дегенмен, балалар,
 Көп ұйықтаған зиян-ау.



Оспанхан Әубәкіров

3. Ертегідегі нақыл сөзді тап. Мағынасын түсіндір.
4. Суретке қарап, ертегідегі сүттің іс-әрекетін қарасөзбен өңгімеле.



5. Ертегіден қорытынды ой айтылған жолдарды тап. Оған дәлелдер келтір.



6. Хрестоматиядағы (1-бөлім) «Ұлттық тағамдар» тақырыбына сүйеніп, құрттың қалай жасалатынын біліп алуыңа болады.



53 Тазалықты сүйемін

1. Түсініп оқы. Нақыл сөздің дұрыстығына дәлелдер келтір.

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық,
Бірінен бірі туады.
Жоғалар сөйтіп адамдық.

Шәкәрім Құдайбердіұлы




**Шәкәрім
Құдайбердіұлы
(1858–1931)**

2. Сызбаға сүйеніп, автор туралы әңгімеле.



3. Түсініп оқы.

Салақтық



**Абырай
Алтынсарин
(1841–1889)**

Кәрім деген өзі жұмысқа тәуір жігіт болса да, жуынып, кірсіз көйлек киіп, таза жүрумен ісі жоқ еді. Өркім айтушы еді:

– Саған не болды, Кәрім, бойыңнан кіріңді ағызып жүргенше жуынсаң болмай ма? – деп.

– Қолым тимейді, – деуші еді.

Сөйтіп жүріп, тұла бойын шиқан қаптап, қотыр болды. Осылайша құрысып-тырысып жатқанында өркім сұрайды:

– Кәрім, саған не болды? – деп.

Кәрім айтады екен:

– Күнәм үшін Құдайдың бір берген сазайы-дағы. Оған қарсы таныстары:

– Рас, Кәрім, Құдай тағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді. Тым болмаса, жұмасында бір моншаға түссең, не болмаса үйінде сабынмен жуынуды әдет етсең, бұл бәлеге душар болмас едің.

Сонымен Кәрімді ауру жататын үйге алып барып, таза жуындырып, таза киіндірді. Ем қылған соң, аз ба, көп пе жатып, жазылды.

Мұнан шыққан соң Кәрім бір зауытқа барып жалданыпты. Өздеріңізге белгілі шығар, зауыттағы нәрселерді бояйтын бояулардың қай-қайсысы да у болады. Бір күні қожасы Кәрімге бір бояуды

араластырып қой деп беріпті. Араластырып отырып, кәдімгі үйренген қалыбынша, қолын жумас-тан барып тамаққа отырып, нан жепті. Қолындағы бояудың жұғынының бәрі де жеп отырған наны-на жабыса береді. Бір мезгілде Кәрімнің іші бүріп ауыра бастапты. Әлгі бояу у бояу екен.

Ыбырай Алтынсарин



Шиқан – тері ауруы.

4. Сызбаны пайдаланып, Ыбырай Алтынсарин туралы әңгімеле.



5. Тазалықты сақтау ережесін дәптерге жаз.

6. Төмендегі сызбаны пайдаланып, әңгіменің негізгі ойын және оның басталуын, жалғасуын, аяқталуын тап.

Тазалық – денсаулық кепілі





54

Жуынамын күнбе-күн



1. Жұмбақты шеш.

ЖЫЛТ-ЖЫЛТ етеді,
Жылғадан өтеді.

2. Өлеңді түсініп оқы.

Кірқоймас

Етігім де, шалбар да –
Бәрі кетіп қалған ба?
Қарным ашып барады,
Қайда әлгі тамағы?
Нан да маған қарамай,
Қашып жатыр жағалай.
Шөлдеп кетіп тегі мен,
Самаурынға келіп ем,
Үстатпауға бекініп,
Ол да кетті секіріп.
Бұл не сонда? Мәні не?
Не боп қалды бәріне?

Үйге қарай зыттым кеп,
Енді мен де біттім деп,
Қолжуғышқа тығылдым,
Айғыздарын мұрынның,
Сияларын бетімнің
Сабынменен кетірдім.

Аямадым сабынды,
Барлық кірім арылды.



Жүр ем сатпақ-сатпақ боп.
Сезбей қалдым – шалбарым
Жаныма кеп қалғанын.
Самса жетті сосын кеп:
«Жеші мені, досым» деп.
Көріп аппақ түрімді,
Нан аузыма тығылды.



Кітабым да күлімдеп,
Дәптерлер де біртіндеп
Келіп жатыр жүгіре,
Қарап аппақ түріме.
Кітаптарым қуанып,
Билеп те жүр бұралып.



Осы кезде жаныма
Жетіп келді тағы да
Қолжуғыштай батырың,
Күліп қояды ақырын,
Сүйсінгеннен шаттанып,
Сүйді мені бас салып:
«Кір-кір болып жүр едің,
Аппақ болдың, балақай.
Енді екеуіміз, білемін,
Дос боламыз, алақай!»



Хош иісті сабынның
Көбігіне малындым,
Тісімді де тазартып,
Барлық кірден арылдым.

Тап-таза боп жүргенің
Қандай әсем, жақсы-ақ, ө?
Жуынбасаң күнбе-күн,
Ұят, ұят, масқара.



Рақат қой шомылған
Айдындарда балықтай,
Моншада да, үйде де
Жуынамын жалықпай.



Шомыламын күнде мен,
Тамаша екен бұл деген.
Балақайлар, бөрің де
Дос болыңдар суменен.

*Корней Чуковский
Аударған Фариза Оңғарсынова*

? 3. Өлеңді екі бөлікке бөліп, аражігін ашып көрсет және сұраққа жауап бер. 2-тапсырмада берілген суреттерді осы ретпен бөліп ата.

1. Заттардың баладан қашуы. Неліктен?
2. Заттардың қайта оралуы. Неліктен?

4. Өлеңдегі негізгі ойды білдіретін жолдарды тауып оқы.



5. Өз гигиенасын сақтау үшін әрбір адам не істеу керек? Өлеңдегі мына сөздерді пайдалан:

«Тап-таза жүргенің; жуынамын жалықпай; рақат қой шомылған; шомыламын күнде мен» т.б.



6. Төмендегі заттардың әр адамның жеке гигиенасында алатын орны мен пайдасы туралы әңгімелеңдер.



55

Мен де спортшы боламын



1. Өзіңе ұнайтын спорт түрлерінің тізімін жаса.
2. Түсініп оқы.

Бекзат Саттарханов – қазақ боксшысы. Ол 20 жасында бокстан Олимпиада чемпионы атанды.

3. Мәтінді оқы.

Бекзат

Сиднейдің шаршы алаңына екі батыр шықты. Бірі – осы уақытқа дейін әлем чемпионы атанып үлгерген америкалық Рикардо Хуарес. Екіншісі – қазақ баһадүрі Бекзат Саттарханов.

Рикардо құлжаның асығындай шымыр. Қоңырқай жүзінде айбын бар. Өз күшіне, бабына өте сенімді. Көзінен ашу ұшқындап, жер тарпып тұр.



**Бекзат
Саттарханов
(1980–2000)**

Бекзат та тас түйін.

Екеуі оңды-солды аңдысып, сатыр-сұтыр ұрысқа кірісті.

Бекзат сарт-сұрт ұрып, оңға орғиды. Көздеп ұрып, солға орғиды. Іштен, тұмсықтан дәл соғып, әлем чемпионын тықсыра түсті.

Рикардо тізгіннің қолдан сусып бара жатқанын түйсініп, белсене түскен. Жоқ. Мына қазақ тым сезімтал екен. Бұл жұдырығын ыңғайлағанша, екі-үш мәрте сілтеп үлгереді. Ойлануға мұрша беретін емес. Ойсыз бокс – орға жығылу. Мына қазақтың ойы да, жұдырығы да оқтай ұшқыр.

Рикардо арыстанша атылып, соққы жаудырған. Еңбегі еш кетті. Жұдырығы Бекзаттың қолғабының сыртынан қайтты.

Айтып-айтпай не керек, екінші раунд біткенде Саттарханов оқ бойы озық тұрды. Есеп 15:4.

Раундтың соңына қарай Рикардо тұсалған аттай күй кешті. Бекзаттың тасқамал қорғанысын талқандай алған жоқ. Амалсыздан Саттархановтың ыңғайына көнген. Осының алдында Бекзат түрік боксшысы Рамазан Палианидің басындағы дулығасын ұшырып түсіре жаздап еді. Палианидің дулығасын қисайтқан қайсар қазақ енді бәйгені ешкімге бермесін ішіміз сезе қойды.

Сиднейдің аумағы атшаптырым бокс залын тағы дуылдаттық. «Қазақстан! Бекзат!» Есімі елімен бірге аталған Бекзат қандай бақытты! Еліңнің Туы болдың деген – осы. Атаның ғана ұлы емес, халқыңның ұлы болды деген осы шығар.

Қыдырбек Рысбекұлы



Баһадүр – батыр.

4. Бекзаттың қарсыласынан осал емес екендігі туралы мәтінде не делінген? Тауып оқы.
5. Мәтіннен Бекзаттың қимылы суреттелген жолдарды тауып оқы.
6. Мәтіннің соңғы азат жолын дауыстап оқы. Не түсінгеніңді өз сөзіңмен айт.



7. Бекзаттың жеңіске жету себебі неде деп ойлайсың? Тағы қандай спорт жеңімпаздарын білесің?



56

Шынықсын денеміз

1. Жұмбақтардың шешуін тап.

1. Табаныма байладым,
Қос таяқпен айдадым.
2. Зулап түсіп төменге,
Шықпас менсіз төбеге.
3. Табанға тақтым,
Жалпаң қақтым,
Зырлап бақтым.

Ескен Елубай

2. Өлеңдерді дұрыс, түсініп оқы.



**Бердібек
Соқпақбаев
(1924–1991)**

Шынықсын денеміз

Жүріңдер, балалар,
Сырғанақ тебеміз.
Құрыспай, құрыштай
Шынықсын денеміз.

Таяққа бау тағып,
Шаңғыны майлап ал.
Биялай, малақай –
Бәрін де сайлап ал.

Жақсылап байқашы,
Аяғың тоңбай ма?
Жел үріп, қар кіріп,
Қонышыңа толмай ма?

Желменен жарысып,
Сырғанақ тебеміз.
Құрыспай, құрыштай
Шынықсын денеміз.

Бердібек Соқпақбаев

Қыста қызық жұмыс бар

Көше бойы омбы қар,
Жиналамыз топтала.
Демей бетім домбығар,
Соғамыз зор аққала.

Ауыл сырты – биік жар,
Бізді күтіп, тұр қарап.
Төбесіне шығып ап,
Жөнелеміз сырғанап.

Көктің жүзін бұлт торлап,
Жерді жапса күміс қар.
Үйде ұстамақ кім зорлап,
Қыста қызық жұмыс бар.

Бүркіт Ысқақов

3. Сызбаға сүйеніп, автор туралы әңгімеле.



4. Өлеңдерді салыстыр. Ұқсастығы неде? Айырмашылығы ше?



5. Б. Соқпақбаевтың өлеңінің соңғы екі жолын қайталап оқы. Ол үшін не істеу керек? Ереже құрастыр.



6. Екі өлең бойынша жеке-жеке қандай сурет салар едің? Екеуіне ортақ қандай сурет салуға болады? Түсіндір.

7. Екі өлеңнің өзіңе ұнаған біреуін жаттап ал.

8. Суретке қарап, әңгіме құрастыр.





57

Мен істейтін жұмыс бар

1. Қысқы еңбек түрлерін ауызша ата.

Малды күтуге байланысты	Үйді жылытуға байланысты	Үй шаруасы
Шөп салу	Көмір әкелу	Қар күреу
...

2. Өлеңді түсініп оқы.

Жұмыстың жылуы

– Долысын-ай боранның!
Тұлыбыма орандым.
– Кімге қамсау тұлыбың?
От жағалық, құлыным! –
Деді апам, – Бара ғой,
Біреді шөрке жара ғой!
Жеңіл-желпі киініп,
Белді буып-түйініп,
Жұмысқа тез кірістім,
Мол жаруға тырыстым.
Салдым күшті мен шындап,
Бірте-бірте шым-шымдап,
Бойға жылу тарады,
Апам маған қарады.
Деді сосын: – Ерледің,
От жақпай-ақ терледің!
Жылуы бұл жұмыстың,
Қызуы ғой бұл істің!

Қадыр Мырза Әли



Долы боран – алай-дүлей боран.

Тұлып – малдың немесе аңның терісінен тігілген кең, ұзын тон.

Қамсау – *бұл жерде*: қорғаныш, пана.

Шөрке – кесілген ағаш.

Шым-шымдап – біртіндеп.



3. Өлеңге сүйеніп, оның мазмұнын өз сөзіңмен әңгімеле.

Жұмысқа дейінгі баланың іс-әрекеті	Баланың жұмыс кезіндегі күйі	Жұмыстан кейінгі күйі
Сөзі ... Киімі ... Апасының сөзі ...	Киімі ... Ісі...	Апасының сөзі ...



4. Өзің қыста қандай жұмыстар атқарасың? Әңгімелеп жаз.



5. Суреттегі еңбек түрі туралы әңгімеле.





58

Көңіл сұрауды білемін



1. Нақыл сөздің мағынасын түсіндіріп көр.

Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.

2. Түсініп оқы.

Жолбарыс пен түлкі (Ертегі)

Бір күні жолбарыс сырқаттанып қалады. Өміршінің көңілін сұрау үшін оның үйіне барлық аңдар жиналады. Тек түлкі ғана келмейді. Мұны байқап қалған қасқыр жолбарысқа жүгіріп келіп, түлкінің сыртынан өсек айтады.

Ашуланған жолбарыс күжілдеп, дереу түлкіні алып келуді бұйырады.

Бұл хабарды естіген түлкі жолбарысқа өзі жүгіріп келеді.



– О, құдіреті күштім! Сіздің мені көргіңіз келген екен, міне, алдыңызға келіп тұрмын! – дейді.

– Әй! – деп күжілдейді жолбарыс. – Барлық аң келіп, менің көңілімді сұрады, ал сен?..

– Е, құдіреттім! Сіздің науқас екеніңізді мен барлығынан бұрын білдім. Содан сізге дәрі іздеп кеттім, – дейді түлкі.

– Ө, солай ма? – деп жолбарыс сабасына түседі.

Аударған Асқар Лекеров

3. Ертегіні рөлге бөліп, мәнерлеп оқыңдар.



4. Суретке қарап, жолбарыс пен түлкі арасында диалог құра. Осы оқиғаны сахналап көрсетіңдер.

5. Жолбарыс пен түлкінің іс-әрекетіне баға бер.

6. Мезгілсіз уақытта (кешке, түнде) науқас адамның көңілін сұрамайды.



7. Ауырып жатқан досыңның көңілін сұрай бардың дейік.

– Не апарасың?

– Қандай жылы сөз айтасың?



59 Жемістерде дәруменнің көп екенін білемін



1. Жемістердің адам денсаулығына пайдасы туралы ой бөлісіңдер.



2. Мәтінді түсініп оқы.

Аурудың себебі

Теңізшілер жаңа жерлерді іздеп шарлады. Оларға көп қауіп-қатер төнді. Бәрінен де қорқыныштысы керқұлақ (цинга) ауруы болатын. Қатқан нан мен тұздалған етті бір-екі ай қорек еткеннен кейін олардың тістері түсіп қалды. Бұдан кейін теңізшілер лимон жеуді әдетке айналдырды. Жүзу сапарларына лимон алып шығатын болды. Өйткені керқұлақ ауруының себебі – С дәруменінің яғни аскорбин қышқылының жетіспеушілігі екені анықталды. С дәрумені лимоннан басқа қарақатта, итмұрында және тәтті бұрышта көп кездеседі.

*Балаларға арналған «Адам» энциклопедиясынан
Аударған Қайырбек Шағыр*



3. Мәтін неліктен осылай аталған екен? Түсіндір.

4. Өлең шумақтарын оқы.

Алма

Тісің тиер-тиместен,
Тырс етер де, жарылар.
Шықпас мәңгі бір естен,
Хош иісті дәмі бар.



Мұзафар Әлімбаев

Қарақат

Теремін жазда қарақат,
Қарақат теру – рақат.
Себетім қолда тоқыма,
Мен – бір құс дөңдер шоқыған.



Мұзафар Әлімбаев

Өрік

Әкеледі бағымызға көрікті,
Көктем шыға гүлдегені өріктің.
Аппақ гүлдер жауып өткен ақ қардай,
Сәл маужырап күн көзіне еріп тұр.



Тұманбай Молдағалиев

Өс, өс, қиярым!

Су әкелдім тағы да,
Іше қойшы, қиярым.
Жаз айында томпиып,
Пісе қойшы қиярым.
Тегін кетпей еңбегім,
Піскенінде қиярым,
Дәмді салат жасауға
Себетіме жиямын.



Жәнібек Кәрбозин



5. Өзің қандай жеміс-жидектерді ұнатасың?



6. Дәруменге бай 5 жеміс-жидек пен көгөністі ата және оған қатысты 3 сөз жаз.

Үлгі:

палау



қызылт

сары

бақша

7. Қалаған өлең шумақтарын жаттап ал.

8. Дәрумені бар тағамдарға тағы нелер жатады?



60

Судың қаупі

1. Нақыл сөздерді оқы және түсіндір.

- Сулы жер – нулы жер.
- Су – тіршілік көзі.
- Судың да сұрауы бар.

2. Түсініп оқы.



**Қабдыкәрім
Ыдырысов
(1928–1978)**

Қап, қап, қармағым

Жағасында өзеннің
Көп отырып төземін.
Отырамын, тосамын
Балық келер кезеңін.

Қап, қап, қармақ, қаба ғой,
Балық іздеп таба ғой.
Балық іздеп таппасаң,
Су түбінде қала ғой.

Судың түбін мекендеп,
Жүр ғой бәрі секеңдеп.
Мен тосамын жағаға
Жүзіп келер ме екен деп.

Қап, қап, қайран қармағым!
Неге мұнша алдадың?
Кешке дейін отырып,
Бір де балық алмадым.

Қабдыкәрім Ыдырысов

3. Өлеңнің авторы кім? Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



4. Дауыс ырғағын дұрыс қойып, дауыстап айт. Түсіндір.

1. Қап, қап, қармақ, қаба ғой.
2. Қап, қап, қайран қармағым!



5. Суреттегі балаға қандай тілек айтасың? Суда сақ болу ережелерін құрастыр.



61

Өрттің қаупі

1. Ребусты шеш.



,



”””



,



”””

””



2. Табиғат апаты дегенді қалай түсінесің? Табиғат апатына нелер жатады?

3. Орыс жазушысы Лев Толстойдың әңгімесін түсініп оқы. Мәтінде табиғат апаттарының бірі өрт туралы әңгімеленеді.

Өрттен құтқарушы иттер

Өрт болғанда жас балалардың үй ішінде қалып қоюы жиі кездеседі, өйткені олар қорыққанынан тығылып қалады да, үнсіз жатады. Ал

түтін оларды анықтап көруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан осындай жағдайларда пайдалану үшін Лондонда иттерді үйрете бастаған. Ондай иттер өртсөндірушілермен үнемі бірге болады. Үйден өрт шыға қалғанда өртсөндірушілер итті балаларды алып шығуға жұмсайды. Осындай бір ит Лондонда он екі баланы өлімнен аман сақтап қалған. Оның аты Боб екен.

Бірде үй өртенді. Өртсөндірушілер әлгі үйге келіп жеткенде, алдарынан бір әйел жүгіріп шықты. Ол жылап тұрып, үйде екі жасар қызының қалып қойғанын айтты. Өртсөндірушілер Бобты жұмсады. Боб баспалдақтар арқылы жүгіріп барып, түтіннің арасына еніп, көрінбей кетті. Бес минуттан соң ол көйлегінен тістеп, қызды көтеріп, үйден жүгіріп шықты. Ана қызының тірі екенін көргенде қуанғанынан көз жасын төгіп, құшақтай алды. Өртсөндірушілер итті сылап-сипап, жарақаттанған жері жоқ па екен деп қарай бастады, бірақ Боб қайтадан үйге қарай ұмтыла берді. Өртсөндірушілер үйде тағы бір тірі жан болуы мүмкін деп ойлады да, оны жіберді. Ит үйге жүгіріп кірді де, аздан соң тісіне тістеп алған бір нәрсені көтеріп қайта шықты. Жұрт оның алып шыққан затын анықтап көргенде, бәрі де күлді: оның алып шыққаны үлкен қуыршақ екен.

Лев Толстой

Аударған Сейітжан Омаров

4. Өңгімеде қандай оқиға сөз болады?



5. Төмендегі суретке зер сал.



Суретпен жұмыс:

- Суреттегі итке өз бетіңше ат қой.
- Ол не істеп жүр?
- Өртке оранған үй туралы әңгімеле. Осы мәтін мазмұнына өзің де сурет салуыңа болады.



6. Өрт неден шығуы мүмкін? «Өрт – тілсіз жау» дегенді қалай түсінесің?

7. Ойланып, үлгіге сәйкес ауызша ереже құрастыр.

Өртті болдырмау шаралары	Өрттен сақтану шаралары
1. Үйден шығарда электр тогын, газды сөндіру керек.	1. Өртсөндірушілерді шақыру керек (телефон нөмірі – 101).



62

Не үйрендім?



1. Бөлімдегі оқыған мәтіндерді пайдаланып, сұраққа жауап бер («Күн шұғыласы» ойыны).

Дені саудың – жаны сау дегенді қалай түсінесің?



2. Суреттегі балаларды сипатта. Оқиғасы осы суреттерге сәйкес келетін мәтіндерді ата.



3. Оқыған мәтіндердегі тірек сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құра.

...
...
...
...
денені
шынықтырады.

...
...
...
...
денсаулыққа
зиян.

4. О. Әубәкіровтің «Сүт қалай ұйықтады?» шығармасының негізгі ойына сәйкес нақыл сөздерді ата.

5. Тазалық – денсаулық кепілі. Оқиғасы осы нақыл сөзге құрылған мәтінді ата. Түсіндір.

6. Бөлімнің қалай аталып тұрғанына мән бер. Берілген заттардың осы атаумен байланысы бар ма? Түсіндір.





САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ



63

Атадан қалған асыл мұра

1. Кестені мұғалімнің көмегімен түсіндір.

Атадан қалған асыл мұра	Белгілері
Ертегілер Аңыздар Өтірік өлең Мысалдар Жұмбақтар Жаңылтпаштар Мақал-мәтелдер Шешендік сөздер	ауызша тараған халық шығармалары



2. Жұмбақтарды дұрыс шешсең, олардың ертегі кейіпкерлері екенін білесің.

- Өзі ширақ, өзі қу,
Жүрген жері айқай-шу.
- Бір аң бар қайраты көп, болған күшті,
Басынан өткізеді әрбір істі.
- Өртүрлі, орта бойлы, ұзын құлақ,
Өзіне міндеттесе, қызмет қылмақ.

3. Ертегіні дұрыс, түсініп оқы.

Аңқау арыстан

(Ертегі)

Қу түлкі бір күні ауырып жатқан арыстанға кез болады. Оның көңілін сұрайды.

– Арыстан аға, мен саған бір ем айтайын, – дейді.

– Айта ғой, ол қандай ем? – деп сұрайды арыстан.

– Есектің миын жесең, әп-сәтте жазыласың.

– Ал есекті қайдан табам?

– Оны мен тауып әкелейін. Тек мен есекті алып келгенде, сен өлген болып жат, – дейді түлкі.

Есекті бір өзі жайратып салуға әлі келмейтінін білген түлкі ежелгі қулығына басады. Сөйтіп ол ауыл шетінде жайылып жүрген бір есекке кездеседі. Оның хал-жайын сұрайды. Есек өзінің ауыр азап шегіп, титықтап өлер болғанын айтады. Түлкіге мұңын шағады.

– Осыдан құтылудың амалын тауып берші! – деп жалынады.

Өзі де осыны тілеп тұрған түлкі есекке:

– Мен сені жері отты, суы мол, оңаша бір шабындыққа ертіп барайын. Сонда жүріп еркінше сайранда, – дейді.

Бұған қуанып кеткен есек түлкінің соңынан ереді. Түлкі оны түп-тура өтірік өліп жатқан арыстанға алып келеді.

Есек көк шалғынға енді тойына бергенде, арыстан оған тұра ұмтылып, өлтіре салады...

Сол кезде түлкі:

– Ей, арыстан аға! Есектің миын жемес бұрын өзің көлге барып, шомылып кел, – дейді. – Өйтпесе, ем қонбайды.

Арыстан көлге шомылуға кетеді. Арыстан келгенше түлкі есектің шекесін теседі де, миын сорып, түгел жеп қояды. Содан арыстан келіп есектің басын қақ айырса, есектің миынан жұғын да жоқ екенін көреді.

Ол жалма-жан түлкіге қарап:

– Әй, мынаның миы қайда? – деп айқай салады.

– Арыстан аға-ау, сонша аңқау ма едің? – дейді оған сонда түлкі. – Бұл есекте ми болса, сенің алдыңа өзі келіп жайылар ма еді?

Арыстан өз-өзіне аң-таң болыпты.



Қулығына басады – қулық жасайды, алдайды.

Жері отты – жері шөпті.

Ауыр азап шегіп – шаршап, қиналып.

Жұғын да жоқ – түк те жоқ.




4. Ертегі кейіпкерлерін ата және оларды сипаттап жаз. Оған жұмбақтарды да пайдалан.

Кейіпкерлер	Басты сипаты
...	...
...	...
...	...
...	...



5. Әр бағандағы сөздер қай кейіпкерге тиісті екенін айт. Әр бағанда бір сөз артық. Ол – басқа кейіпкердің сөзі, соны тап.

I топқа	II топқа	III топқа
Кез болады. Қулығына басады. Ауырып жатады.	Хал-жайын сұрайды. Шомылып келуге кетеді. Айқай салады.	Мұңын шағады. Тұра ұмтылады. Соңынан ереді.

 6. Берілген суретке зер сал. Ертегідегі оқиғаның қай сәтіне сәйкес келеді? Өңгімеле.



 7. Сызбаны түсіндір. Бүгінгі оқылған ертегі қай топқа жатады?





64

Ерте, ерте, ертеде

1. Ертегі көбіне қалай басталады екен?

Ұр, тоқпақ*(Ертегі)*

I

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір малдары жоқ кедей болғандықтан, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал құрған тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, Қаз шалға:

– Мені сен босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, – дейді.

Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсарды. Шал:

– Қой, сен түк білмейсің! – деп, кемпірінің сөзін тыңдамай жүре береді.

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп түйешіден:

– Бұл кімнің түйесі? – десе, түйеші:

– Бұл – Қазбайдың түйесі, – дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен» деп, шал ойлап тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келсе, көп қой жайылып жатады.

– Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды.

Қойшы:

– Бұл – Қазбайдың қойы, – дейді.

Шал жаңағы қойшы баладан:

– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? – деп сұрайды.

Бала шалға:

– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!» десе, әртүрлі тамақ пісіп шығады. Енді біреуі: «Құс, есегім, құс!» десе, алтын құсады. Тағы біреуі: «Ұр, тоқпағым, ұр!» десе, адамдарды ұра береді, – дейді.

– Мақұл, – деп шал жүріп кетеді.

Шал Қазбайдың ауылына келеді. Қазбай шал-



ды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс, қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді.

Шал алып, үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

– Ата, түсіп, тамақ ішіп кетіңіз! – дейді.

Шал түседі. Үйге кіріп бара жатып балаларға:

– Шырақтарым, «Піс, қазаным, піс!» демендер, – дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар тыңдасын ба, «Піс, қазаным, піс!» деп шулап қоя береді.

Сөйткенде әртүрлі тамақ пісіп, даяр болады. Балалар қазанды айырбастап алып қояды.

Шал шығып, қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным, піс!» десе, еш нәрсе піспейді...



2. Неліктен Қазбайдан әкелінген қазанда еш нәрсе піспей қалды?



3. Балалардың іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.



4. Шал қандай көңіл күйде қалды деп ойлайсың? Сен шалды қалай жұбатар едің? Оған қалай көмектесер едің? Осы бағытта ертегідегі оқиғаны аяқта.

5. Ертегінің толық нұсқасын хрестоматиядан оқуыңа немесе электронды оқу құралынан тыңдауыңа болады.



6. Мәтінді төмендегідей ретпен әңгімелеңдер.

1-топ	2-топ	3-топ	4-топ	5-топ
«Піс, қазаным, піс»	«Құс, есегім, құс»	«Ұр, тоқпағым, ұр»	Қаздың тұзаққа түсуі	Шалдың қазды іздеп шығуы

7. «Ұр, тоқпақ» ертегісі қай топқа жатады?



8. 39-беттегі ертегіге берілген суретке зер сал. Қандай оқиғаға сәйкес келеді? Өңгімеле. Сен қандай сурет салар едің?



65

**Ерке күнім,
Келді тағы кезегі ертегінің**

1. Ребусты дұрыс шешсең, келесі ертегінің аты шығады.



'''



''''



''



''

2. Ертегіні дұрыс, түсініп оқы.

Сақина
(*Ертегі*)

Баяғы заманда бір кедей шаруа болыпты. Бір күні ол ішерге асы таусылып қалған соң, жалғыз тауығын сойып жемекші болады. Тауықты ұстап, енді бауыздай бергенде, ол:

– Уа, ием, менің соңғы тапқан жұмыртқамның ішінде алтын сақина бар. Соны ал да, мені босат. Ол сақина не тілесек, соны орындайды. Тек қана бір-ақ тілек тілеуің керек, – деп ескертіпті.

Шаруа тауықты босатып қоя береді.

Тауықтың айтқаны рас екен. Шаруа күндей жарқыраған сақинаны саусағына салып, әйеліне келеді. Алғашында әйелі сақинаны көріп қуанады. Кейін таза алтын емес шығар деп күдіктенеді. Бұрын алтынның атын естігені болмаса, қолдарына ұстап көрмеген ғой. Ақыры оны зергерге апарып көрсетпекші болады.

Ертеңіне шаруа зергерге келіп, болған уақиғаны түгел айтып береді.

Зергер арам пиғылды адам екен. Ол шаруаның сақинасын салыстырып қараған болып, оған басқа сақинаны ұстата салады. Шаруа оны сезбейді. Зергердің «сақинаң таза алтын екен» дегеніне қуанып, үйіне кетіп қалады.

Шаруа кетісімен, зергер дүкенін мықтап бекітіп алады. «Енді дүниедегі ең бай адам мен боламын» деп қуанады. Сонан соң шаруаның сақинасын қолына алып:

– Сиқырлы сақинам, дүкенімнің төрт бұрышын тоқсан түрлі жиһазға толтыршы, – дейді ақырын. Сол-ақ екен, інжу-маржан, асыл тастар, күміс теңге, ат басындай алтын құймалар зергердің үстіне нәсердей жауып береді. Ө дегенше-ақ дүкені аузы-мұрны-

нан шыға толады. Бірақ асыл тастар астында қалған зергер үйден шыға алмай, сол жерде тұншығып өледі.

Шаруа үйіне қуана кіріп:

– Сақина таза алтын екен, не тілегің бар, көне? – дейді әйеліне.

– Егіндік жер тілейік, – дейді әйелі ойланбастан.

Шаруа тұрып:

– Егер ерінбей еңбек етсек, бір жылда жер сатып алуға шамамыз келмей ме? Одан да асықпай, басқа бір тілек ойласаң қайтеді?! – депті.

Бұған әйелі де келісіп, екеуі бір жыл бойы тізе бүкпей еңбек етеді. Алақандай жерге еккен егіндері бітік шығып, сатылған астықтың ақшасына қосымша шұрайлы жер сатып алады...

Жылдар өтіп жатады. Өздері қартайса да, бұрынғыша еңбек етіп, соның жемісін татып, ел қатарлы өмір сүреді. Балалары да ержетеді.

Сақина сөз болған сайын шаруа «Асықпайық, әлі де уақыт бар!» дейді екен. Әйелі бірте-бірте сақинаны ауызға алуды да қояды...

Өмір бойы шаруа оны қасиетті сақина деп өткен еді. Ал сақина зергердің жез сақинасы болатын. Алайда сол сақина шаруаның бақытқа жетуіне себепші болыпты.

Иә, жаман заттың адал қолда болғаны жақсы заттың арамза қолға түскенінен әлдеқайда артық қой.

«Ертегілер» жинағынан



Арам пиғылды – жаман ойлы.

Жиһаз – бұл жерде: қымбат зат.

Бітік – мол, қалың, көп.

Арамза – оңбаған, залым.



3. Ертегінің соңғы сөйлемін қайталап оқы. Қалай түсінгеніңді айт.



4. Ертегі бойынша берілген сызбаларға зер салып қара. Ертегі неше бөлімнен тұрады? Өр бөлімге ат қойып көр.



5. Осы жоспар бойынша ертегіні әңгімеле.



6. Егер осы сақина сенің қолыңа түскен болса, не тілер едің? Тілегіңді дәптерге жаз.

Сиқырлы сақинам болса ...



7. Осы ертегі бойынша қандай сурет салар едің?



8. «Сақина» ертегісі қай топқа жатады?



66

Ертегілер әлемінен

1. Түсініп оқы.

Құмырсқа және бидай дәні

Егінді түгел жинап алғаннан кейін бидайдың жалғыз дәні жерде қалып қойған еді. Қыс түспей тұрып, өзіне топырақ астынан пана іздеуді ойлайды. Осы кезде қасынан өтіп бара жатқан құмырсқа бидайдың дәнін көрді де, қуанғаннан бұл олжасын илеуіне қарай домалатып ала жөнелді. Қабырғасы қайысып, көп азапқа түскен құмырсқаға бидай дәні:

– Әй, құмырсқа, сен бұлай бейнетке бата берме-сең қайтеді?! Мені таста да кете бер, – деді.

– Мен сені тастап кетсем, қыста азықсыз қаламын ғой. Біз көппіз. Осылай әрқайсысымыз бір-бірден дән апарсақ, қысқа көп азық жинап аламыз. Сөйтіп құмырсқа илеуі қазынаға толады.

Сонда бидай дәні аз ойланып тұрып, былай деді:



– Әй, еңбекқор құмырсқа, менің сөзімді тыңдашы өзің.

Құмырсқа арқасындағы ауыр дәнді жерге түсіріп, дәннің сөзін тыңдап, демалып отырды. Дән айтты:

– Кел, құмырсқа, екеуіміз шарт жасасайық. Менің бойымда ғажайып жасампаз ұлы күш бар. Менің игі мақсатым – өз бойымнан жаңа дән шығару. Онда да көп дән. Кел, сол үшін шарт жасасайық.

– Қандай шарт? – деп құмырсқа таңдана қарады.

– Ал, тыңда, олай болса. Егер мені илеуіңе апармай, далаға қалдырып кетсең, келесі жылы менен бір дәннің орнына жүз дән аласың.

Бұл сөзге таңданған құмырсқа басын шайқады.

– Еңбекқор құмырсақ, менің адал да ақ сөзіме сен. Егер мені тастап кетсең, келесі жылы жүз дән болып тұрамын. Құмырсақ илеуі дәнге толады.

Құмырсақ желкесін қасып, ойланып қалды. «Бір дәннің орнына жүз дән, ө! Осындай ғажап болады екен-ау».

– Қалай сен жүз дән бола аласың? – деді құмырсақ әлі сеніңкіремей.

– Құмырсақ, бұл – өмір құпиясы. Мені топырақ астына жасырып кет. Келесі жылы қайта орал. Мен жүз дән болып өсіп тұрамын.

Құмырсақ жыл өткізіп, қайта келсе, бидай дәні берген сертінде тұрған екен.

*Леонардо да Винчи,
итальян жазушысы*

2. 46-беттегі суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? Өңгімеле.



3. Екі топқа бөлініп, бірі – құмырсақ, екіншісі бидай болып сұхбаттасыңдар.

4. Бидай пікірінің дұрыстығын дәлелдеңдер.



5. Осы ертегінің қай топқа жататынын белгілеп, сызбаны толтыр.





67

Ұйықта, бөпем, жата ғой

1. Өлеңді түсініп оқы. Ақын сұрағына жауап бер.

Бұл кім?

«Бала, бала, бала!» деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.

Ыбырай Алтынсарин

2. Ребусты шеш.

5



””



3. Бесік жырын жаттап ал және өнімен айтуға дағдылан.

Әлди, әлди, аппағым!

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағың.
Жұртқа жаман болса да,
Өзім сүйген аппағым.

Қалқам менің қайда екен,
Асқар-асқар тауда екен.
Онда не ғып жүр екен?
Алма теріп жүр екен.

Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жапанға біткен тірегім,
Жаман күнде керегім.

Айналайын шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Маңдайдағы құндызым,
Аспандағы жұлдызым,
Әлди, балам, ақ балам!

4. Жырды түсініп оқы. Құрылысына мән бер.

Бесік жыры

Күнім, айым,
 Еркетайым,
 Бөлейін енді.
 Тыста дауыл,
 Жатқан ауыл,
 Ұйқың да келді.
 Жұмсақ бесік,
 Жылы төсек,
 Жата ғой, қозым.
 Өлди бөпем,
 Өлди бөпем,
 Ұйықта, жұм көзің.
 Құлыншақтар,
 Қозы, лақтар –
 Бәрі-ақ ұйқыда.
 Сен – жұлдызым,
 Сен – көз нұрым,
 Кір тәтті ұйқыға.



**Мағжан
 Жұмабаев**
 (1893–1938)

Мағжан Жұмабаев

5. Сызбаны пайдаланып, Мағжан Жұмабаев туралы әңгімеле.





6. Суретке зер сал. Бесік жырларындағы сөздерді пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.



- Суретте кім бейнеленген?
- Ана баласына қандай сөздер айтады?
- Анаң сені қалай еркелетеді?



68

Қош келдің, Наурыз!

1. Түсініп оқы.

Наурыз мерекесі

Әр адам отбасы мүшелерін немесе туыс-туғандары мен дос-жарандарын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, жақсы тілек тілейді. Наурызкөжеден дәм татады.

Наурызкөже – келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде әр шаңырақ міндетті түрде жасайтын арнаулы тағам. Оған кем дегенде, жеті түрлі азықтық заттар қосылуы тиіс. Олар: бидай, тары, жүгері, бұршақ, сүт, су, тұз. Тақ санын сақтап, тағам



түрін көбейте беруге болады. Құрт пен қатықтың қай-қайсысы да сүттің орнын толтырады.

2. Түсініп оқы.

Наурыздағы тілек

Ала биен құлындап,
Алатауға сыймасын!
Қара биен құлындап,
Қаратауға сыймасын!
Үйіңнің алды той болсын,
Қораң толы қой болсын.
Қазаныңда қайнаған
Кілкілдеген май болсын.
Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан.
Мал менен басың тең өсіп,
Кетпесін дәулет қасыңнан!..

Ұзынсары



**Қабдеш
Жұмаділов**
(1936 жылы туған)

Апам жылда соғым сойған сайын «мынау – сенің шұжығың» деп, балалардың әрқайсысына бір-бір шұжық жасап беретін-ді.

«Өзімдікі» деген қиын ғой, оқта-текте тошала үйге кіріп, қайысқан қалың еттің арасынан өз шұжығымызға қарап жүреміз. Томпиған сүйкімді шұжықты жегіміз келіп қыңқылдасақ, «соңыра ұзынсары келгенде жейсіңдер» деп апам ылғи кейінге қалдыра береді. Ал «ұзынсары» деген қонақтың қашан келері белгісіз...

Бір күні есік алдында балалармен асық ойнап жүрсем, бір ұп-ұзын сары кісі аттан түсіп, шылбырын атағашқа байлап жатыр екен. Өмірі мұндай қуанбаспын. Ойынды қоя салып, үйге қарай ұштым:

– Апа, «ұзынсары» келді. Шұжықты ас! – деп пін табалдырықтан аттай бере.

Апам ішегі қата күліп, әлгі қонақты үйге кіргізді. Сөйтсем, ол төменгі Көктал жақта тұратын Сарыбай деген шал екен. Апам «ұзынсары» дегенде, әлдебір кісіні емес, наурыздың ұзақ, сары күнін айтатынын кейін білдім.

Қабдеш Жұмаділов



Тошала – қыста ет сақтайтын жеке үй.

Атағаш – ат байлау үшін орнатылған кесінді ағаш.

3. Әңгіменің авторы кім? Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



4. Сонымен, *ұзынсары* деген не екен?



5. Наурыз мерекесіне қатысты 5 сөзден сөйлем құрастырып жаз. Түсіндір.



6. «Наурыз дастарқаны» ойыны. Дастарқанға қандай тағамдар қоятыныңды айт.



7. Наурызда ата-анаңа, ұстазыңа, достарыңа арнап қандай тілек айтар едің? Құттықтау хат жаз.



69

Қошақаны қойдың



1. Төрт түлікке нелер жатады? Олардың төлдері қалай аталады?

2. Жұмбақты шеш:

Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.

3. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы.

- Мал өсірсең, қой өсір –
Өнімі оның көл-көсір.
- Қойдың сүті қорғасын,
Қойды ұрған оңбасын.

4. Халық шығармасын түсініп оқы.

Қой

Қорасында маңыраған,
Қозысымен жамыраған.
Қозысынан айырылса,
Қоймай ұзақ аңыраған.
Аппақ, қою сүті бар,
Ақ шағала құрты бар
Ақтылы қой жануар!



5. Жырды және мақал-мәтел мен жұмбақты пайдаланып, қой туралы әңгімеле.



6. Кестеге сүйеніп, қойдың пайдасы туралы жаз.

Жүнінен жасалатын заттар	Терісінен жасалатын заттар	Сүтінен өзірленетін тағамдар
...
...
...

7. Жырды жаттап ал.



70

Құлыншағым құлдырап

1. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы.

- Тұяқ тайға жеткізер,
Тай құнанға жеткізер.
Құнан атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
- Тұлпар – ер қанаты.



2. Жылқы атауларына қатысты мақал-мәтелдер туралы досыңмен ой бөліс.

3. Халық шығармасын түсініп оқы.

Торы құлын

Жағы қалақтай,
Мойны садақтай.
Төбелі жұлдыздай,
Жүні құндыздай.
Жалы жібектей,
Саны білектей.
Көзі моншақтай,
Өзі жұп-жұмыр,
Құйрығы шашақтай,
Ерні жып-жымыр,
Дауысы шіп-шіңгір,
Басы құп-құлдыр.
Жұтынып жүруші еді,
Бұлтиып тұрушы еді.



Далаға шығып ап,
Құйрығын тігіп ап,
Асырды салар еді,
Айнала шабар еді.



4. Суретке зер сал.

Мәтіндегі сөздерді пайдаланып, торы құлынды сипаттап жаз:

Басы ...

Жалы ...

Көзі ...

Саны ...

Ерні ...

Құйрығы ...

Жағы ...

Денесі ...

Мойны ...



5. Жылқының пайдасы туралы әңгімеле. Өз бетіңше сызба құрастыр.



71

Бұзауқаным



1. Төрт түлікке нелер жатады? Өрқайсысына қатысты 5 сөз ойластырып жаз. Түсіндір.

2. Халық шығармасын түсініп оқы.


Сиыр

Мүйізі айдай иілген,
Мұрнын көкке шүйірген.
Ірімшік пенен құрт, майы
Жегенде тілді үйірген.



3. Жырға сүйеніп, суреттегі сиырды сипатта.

Мүйізі ...
 Мұрнын ...
 Ірімшік, құрт, майы ...



4. Сиырдың пайдасы туралы жаз.

Сиырдың сүтінен өзірленетін тағамдар	Сиырдың терісінен жасалатын заттар	Сиырдың етінен өзірленетін тағамдар
...
...



72

Ботақаным



1. Жұмбақты шеш.

Иір-иір денесі,
 Сахараның кемесі.
 Ащы шөптер – тамағы,
 Шөлге шыдап бағады.

2. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы.

- Нар жолында жүк қалмас.
- Бақырауық демесең,
 Бағалы көлік түйе ғой.

3. Халық шығармасын түсініп оқы.

Түйе

Маң-маң басқан, маң басқан,
 Шудаларын шаң басқан.
 Екі өркешін қом басқан,
 Төрт аяғын тең басқан;
 Тілін тікен теспеген,
 Мұрындығы келіскен,
 Алабота жегені,
 Ащы құрай, теріскен;
 «Шөк» дегенде «бық» деген,
 Шешіп үйін жүктеген.



4. Суретке зер сал. Жырға сүйеніп, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- Түйенің төлін қалай атайды? Сүтін ше?
- Түйенің жүрісі туралы не деуге болады?
- Шудасы туралы ше?
- Түйе қандай шөпті жақсы көреді?
- Түйенің пайдасы қандай?



5. Түйенің пайдасы туралы жаз.

Түйе жүнінен жасалатын бұйымдар	Түйе сүтінен жасалатын тағамдар	Түйе терісінен жасалатын бұйымдар
...
...
...



73

Қожекеңде қонақта

Өмірде болған адамның басынан өткен
өңгімені **аңыз** дейді.



1. Алдаркөсе, Қожанасыр туралы білесің бе? Оларға қатысты сөздер ойластыр.

2. Түсініп оқы.

Қожанасыр мен Алдаркөсе

(Аңыз)

Қожанасыр мен Алдаркөсе Ыстықкөл жағалауында келе жатып, Алдаркөсе Қожанасырдан:

– Қожеке, мына көлден неше шелек су шығар екен? – деп сұрапты.

Қожанасыр ойланбастан жауап беріпті:

– Осы көлдей шелек тапсаң, бір-ақ шелек шығады, – депті.



Үш сом

(Аңыз)

Бір күні Қожанасыр Алдарға:

– Мына үш сомға бір қой сатып әкел, – депті.

– Жарайды, – дейді де, Алдар бір қойшыға келіп:

– Ата, мына үш сомға бір қозы берші, – деп жалынады. Қойшы қуанып, бір қозы береді. Біраздан соң Алдар қайтадан келіп:

– Ата, үш сом да, қозы да сенікі. Маған бір тоқты бер, – депті.

Қойшы қуанып, бір тоқты береді. Біраздан кейін Алдар қайтадан келіп:

– Атажан, үш сом да, қозы да, тоқты да сенікі болсын, маған бір қой бер, – депті. Қойшы қуанып:

– Таңдағаныңды ал! – дейді.

Алдар қойды Қожекеңе әкеліп беріпті.

Қожанасырдың көшуі

(Аңыз)

Бір күні Қожанасыр ұйықтап жатса, үйіне ұрылар түсіпті. Үйіндегі барлық жарамды заттарын тасып, ұрылар арбаға салып жатыр екен. Сол кезде Қожанасыр оянып кетіпті. Оянған Қожанасыр да асыға қимылдап, қалған нәрселерін арқалап, арбаға сала беріпті. Ұрылар бұған таңғалып:

– Қожеке, мұның не? – десе, Қожанасыр:

– Көшіп жатқан жоқпыз ба? – депті.

Қожанасырдың аттан түсуі

(Аңыз)

Бір күні Қожанасырдың аттан жығылып жатқанын көріп, көшедегі балалар сықылықтап күледі. Сонда Қожанасыр үсті-басын қағып жатып:

– Несіне күлесіңдер? Мен өзім де түсейін деп жатыр едім, – депті.



3. Мына сурет қай аңызға сәйкес келеді? Өңгімеле.



4. Берілген аңыздар бойынша сен қандай сурет салар едің? Түсіндір.

5. «Үш сом» аңызында олжалы болған кім? Қойшы қалай алданып қалды? Түсіндіріп көр.



6. Берілген пікірлерге нақты дәлелдер келтір.

Алдар – ақылды, Қожанасыр – тапқыр.



74

Өтірік өлең құрастырамын

Өтірік өлеңдер – тапқырлыққа құрылған, күлкілі оқиғаға толы халық шығармасы.



1. Өтірік жаңылтпашты жаңылмай жатқа айтуға дағдылан.

Ши тоқыдым шиеден,
Теңіз кештім түйемен.
Күйме жасап шиеден,
Үй тұрғыздым түймеден.

- Мәтін неге өтірік жаңылтпашқа жатады деп ойлайсың?
2. Өтірік өлеңді түсініп оқы.

Өтірік өлең

Бірінші оқушы:

Айттым да өтірік өлең айла қылдым,
Кесіп ап бетегені, найза қылдым.
Торғайды үш қонаққа сойып беріп,
Жарты етін алып қалып, пайда қылдым.

Екінші оқушы:

Дүниеде болады екен қоян мықты,
Жабылып он бес жігіт зорға жықты.
Соғымға сойған едім, семізін-ай,
Бүйрек майдан басқасы бес қап шықты.

- ? 3. Бірінші оқушы қандай өтірік өлең айтты? Қарасөзбен әңгімеле.
- ? 4. Екінші оқушы ше?
- 5. Өтірік өлеңді жаттап ал.

6. Өуен ойлап тауып, сахнада орында.



7. Берілген суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

- Суреттен нелерді көріп тұрсың?
- Суретке қандай ат қояр едің?
- Суретке қарап, өтірік өлең құрастырып көр.



75 Мақал-мәтел оқып, жұмбақ шешейік.

Жаңылтпаш жаттайық

Мақал-мәтелдер – халық даналығынан құралған шығарма.

Құрылысы көбінесе өлең сияқты болады.

Қорытынды ой, тұжырымды түйін айтылады.



1. Сөзжұмбақты шеш. Мақал-мәтел жарысы.

1. Ғылым таппай
2. Асық ойнаған
3. ... – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.
4. Өдепті бала – ... бала.
5. ... түбі – тірлік.

1	М							А
2	А				Р			
3		Қ			Л			
			4	А				Ы
5	Б				Л			К

6	Б							М
7	Ә							І
8	Т					П		Ы
9	Д	Е						
10	Қ				Л			

6. ... инемен құдық қазғандай.
7. ... бала – арлы бала.
8. ... бала талпынған құстай.
9. Тазалық – ... кепілі.
10. Ұрлық түбі –



2. Осы мақал-мәтелдерге қандай ортақ тақырып беруге болады?
 А) Туған жер, Отан туралы
 Ә) Еңбек туралы
 Б) Жақсы, жаман істер туралы
 В) Ерлік, батырлық туралы

Жаңылтпаштар дыбыстар мен сөздерді дұрыс, анық айтып жаттығу үшін қолданылады.

Жаңылтпаштар

1. Шеше, шеше,
Неше кесе
Сынды кеше?
2. Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.
3. Кеспе, өссін тал,
Өссе – өсімтал.
Өссе, өссін тал,
Кеспе, өссін тал.
4. – Мынау балқаймақ қай балқаймақ?
– Бұл балқаймақ – май балқаймақ.
5. Малтам бар қалтамда,
Бір қалта талқан арқамда.
6. Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.
7. Он қап,
Он қапты қақ,
Он қапты қақ та қатта.
8. Бөдене бедеде,
Көбелек көдеде.
Бедені – беде де,
Көдені – көде де.

9. Тары ақта,
Тары ақтап,
Қапқа қапта.

10. Біл, бұл – піл,
Бұл – бір піл.

3. Жаңылтпашты жаңылмай жатқа айтуға дағдылан.


Жұмбақтар – табиғат құбылыстарының, өзін қоршаған дүниенің сырын танып-білуге талпынған халық ойынан туған шығармалар.

Жұмбақтар

1. Шік түсті, бүк түсті,
Алшы тұрды, тәйке тұрды,
Шеше алады ал кім мұны?
2. Жеміс-жидек жегенім,
Балды жақсы көремін.
3. Қалың киімді ұнатады,
Шешіндірсең, жылатады.
4. Самұрық құс самғады,
Көктен өтіп,
Айға жетіп,
Жеңілдеді салмағы.
5. Көкшіл айна үйдегі
Көрсетеді киноны.



4. Жұмбақтарда сипатталған заттардың аттарын ата.

 5. Суреттерге қарап, жұмбақ құрастыр.



76 **Билерше билік айтуға үйренемін**

Шешендік сөздер – терең оймен, шебер тілмен айтылатын халық шығармасы. Ол – тапқыр да шебер сөйлеуге үйрететін көркемсөз үлгісі.



1. Түсініп оқы.

Билер сөзі – көркемсөз өнерінің шынайы үлгісі. Халқымыз ежелден билерді қадірлеп, олар-



**Төле би
Әлібекұлы
(1663–1756)**



**Қазыбек би
Келдібекұлы
(1667–1763)**



**Әйтеке би
Байбекұлы
(1644–1700)**

дың жағымды сөздерін есте сақтаған. Ел аузында «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады» деген ұлағатты сөз бар.

2. Түсініп оқы.

Үш бидің шешендік сөздері

Төле би:

Уа, халқым, сөз қадірін білесің:
Жаңбыр жаумаса – жер жетім,
Басшы болмаса – ел жетім.
Ұқпасқа айтқан сөз жетім...
Атың жақсы болса –
Ер жігіттің пырағы.
Балаң жақсы болса –
Жан мен тәннің шырағы.

Қазыбек би:

Аты жаманның арманы кетер,
Баласы жаманның дәрмені кетер.

Төле би:

Рақмет, дәл тауып жалғастырдың,
Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым менің...
Мынау жиналған халыққа тағы не айтасың,
Қаздауысты Қазыбек би?

Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын – анаң қымбат,

Мейірімді – апаң қымбат,
Кіндік кескен – жерің қымбат,
Ұят пенен ар қымбат.

Төле би:

Сөзің – асыл, Қаздауысты Қазыбек.
Ендігі сөздің кезегі өзіңде, Өйтеке би.

Өйтеке би:

Бай болсаң,
Халқыңа пайдаң тисін.
Батыр болсаң,
Жауға найзаң тисін.
Әумин!

3. Рөлге бөліп, мәнерлеп оқыңдар.

4. Берілген мәтінді сахналық қойылым ретінде көрсетіңдер.



77

Не үйрендім?



1. Бөлімнен қазақ ауыз әдебиетінің қандай түрлерімен таныстың? Сызбаны толықтырып жаз.

Төрт түлік
туралы
жырлар

?

?

?

?

?

?

?



2. Екі немесе үш қатар бойынша жаңылтпаш айтудан жарысып көріңдер.

1-қатар	2-қатар
Тарғыл итім талға оралар. ...	Шын еңбекшіл – өрмекші, Өрмекші – шын еңбекші. ...



3. Белгілі бір тақырып төңірегінде мақал айтудан жарысып көріңдер.

Үлгі: Достасу тақырыбы.

1-бала: «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын» дегендей, сенімен дос болғым келеді.

2-бала: Достассақ достасайық. «Мыңның жүзін білгенше, бірдің атын біл» деген. Атың кім?

1-бала (атын айтады): «Жүзі жылыдан түңілме» дегендей, сені бірден ұнаттым.

2-бала: Рақмет. «Жаманға жан жуымас» деген бар. Осы нақылға қарағанда, жаман болмағаным гой. Мен де есімімді айтып қояйын. Атым –



ҚОРШАҒАН ОРТА



78 Жерім жомарт – адамзатты асыраған

1. Мұғалімнің көмегімен түсініп оқы.

Ей, перзентім, сен жомарт адамдар сияқты халқыңа қызмет етуді ұнатсаң, әуелі жомарттықтың не екенін біл.

Жомарттықтың негізі үш нәрседен тұрады: бірі – айтқан сөзіңді қалтқысыз орындау; екіншісі – туралыққа (әділдікке) нұқсан келтірмеу; үшіншісі – қайырымдылықты естен шығармау.

(«Қабуснамеден»)



2. Түсінгеніңді сызбаға түсір.

Жомарттық 

3. Түсініп оқы.

Кім жомарт? Не жомарт?

- Кім жомарт?
- Батыр жомарт –
Халық үшін жанын берген!
- Кім жомарт?
- Ұстаз жомарт –
Бар балаға тәлім берген.
- Не жомарт?
- Жер жомарт –
Адамзатты асыраған!



Мұзафар Әлімбаев
(1923 жылы туған)

– Не жомарт?
 – Күн жомарт –
 Жерге нұры шашыраған!

Мұзафар Әлімбаев

4. Өлеңнің авторы кім? Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



5. Ақын ойын кестеге түсір және жалғастыр.

Кім жомарт? Не жомарт?	Неліктен?

? 6. Төмендегі жолдарда берілген ақын ойын өз бетіңше жалғастырып, түсіндіріп айт.

1. **Жер жомарт** –

Адамзатты асыраған. Шынында да, жер адамға ...

2. **Күн жомарт** –

Жерге нұры шашыраған. Шынында да, егер күн сәулесі жоқ болса, ...



79

Құрметтейік, Жер-Ананы!



1. Суретке қарап, жерді неліктен анаға теңейтінін айт.



2. Мәтінді түсініп оқы.

Құрметтейік, Жер-Ананы

(Аңыздан үзінді)

Адам баласының бір ата, бір анадан жаралғанын дүниежүзі әлдеқашан мойындап қойған. Бүгінгі ұрпақ адам баласын алаламай, тең көріп, тең ұстау жолында. Ұлы ата-анамыз Жер деген мекенді ұрпақтарына түгел арнаған. Адам баласының бесігі – Жер. Жер-Ана!

Ұлы анамыз Хауа – ұрпақтар анасы, барлық адам баласының ана-



**Габит
Мүсірепов
(1902–1985)**

сы! Құрметтейік, бас иейік бүкіл адам баласының анасына! Құрметтейік, бас иейік адам баласының мәңгілік ортақ бесігі – Жер-Анамызға!

Ғабит Мүсірепов

3. Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



4. Мәтінді мәнерлеп оқуға дағдылан. Соңғы азат жолын жаттап ал.



5. Жер-Ананы құрметтеу дегенді қалай түсінесің? Өз ойыңды коллаж түрінде білдір. Ол үшін плакат және түрлі түсті қағаз, желім, қайшыны пайдалануға болады.



80

Ағашқа күтім жасаймын



1. Ағаштар ашулана ма? Осы сұрақ бойынша ойыңды айт.

2. Сұраққа жауап беру үшін мәтінді түсініп оқы.

Ағаштар неге ашланды?

Жадырап көктем туды. Қар қауырт ереді де, аз күнде төңірек қарайып, құрғап шыға келді.

Мектепте көшелерді көгертіп, ағаш отырғызу апталығы басталды.

Оқушыларды түгел қызықтырған бұл бастама тек Алмабекке ұнамады. Орман болса тап іргеде тиіп тұр. Көшеге ағаш отырғызып әуреленудің керегі қанша деп ойлады ол. Бірақ жұрт бір кісідей кіріскен істен Алмабек шетте қала алмады. Өз сыныптастарымен бірге тоғайға ол да барады. Бірнеше жас тал, терек, қайың әкеліп, басқалардың үлгісімен терезе тұсына тізіп отырғызды.

Алмабек осымен істі тындыға санады. Өзгелер отырғызған ағаштарын суарып, түбін қопсытып, мәпелеп күтумен болса, бұл оның бірін де істемеді.

Жаз шықты. Көктемде отырғызған ағаштар жапырақтары желкілдеп, бойлап өсе бастады. Солардың арасында Алмабек отырғызған ағаштар ешбір күтім көрмеген соң, тамырланып кете алмай, шөжіп, шала-жансар жұтап тұрды.

Орманнан өздерімен бірге әкеліп отырғызған басқа ағаштардың айнала жамырап, жайнап өсіп келе жатқанын көргенде, қуқыл тартқан ағаштар қапаланып, қайғыға батты.

Бұл қайғылы халді самал жел өзен бойындағы орманға жеткізді. «Осындай да осындай. Алмабек дейтін бала алып барып отырғызған сіздердің туысқан шыбықтарыңыздың халі мүшкіл екен», – деп ол сыбдырлап бұталарға айтты. Ауыздарына сөз тұрмайтын бұталар оны сыбдыр қағып талдарға, талдар қайыңдарға, қайыңдар дереу теректерге жет-

кізді. Сөйтіп, кең алқапты алып жатқан ну орман Алмабектің қылығын түгел естіді.

Бердібек Соқпақбаев



3. Суреттерге сай келетін мәтін бөліктерін тап және әңгімеле.



4. Алмабектің қылығына өз көзқарасыңды білдір. Сен Алмабектің орнында болсаң, не істер едің?



5. «Ағаштар неге ашуланды?» деген сұраққа жауап таптың ба? Өрі қарай не болатынын болжа.



81

Ағашқа күтім жасаймын

1. Жазушы Алмабектің ағаштары туралы не дейді екен? Оқып көрейік.

Ағаштар неге ашуланды?

Бір күні Алмабек жолдастарымен бірге өзенге шомылуға келді. Олар шешініп те үлгермеді. Ауа райы күрт бұзылып, аспанды сірескен қара

бұлт басып кетті. Азынап жел тұрды. Балалар сасқалақтап, үйлеріне қарай жүгіре жөнелісті.

Алмабек те жүгіріп келе жатыр еді. Ағаштың жыландай ысылдап майысқан бұтақтарының бірі кенет оның басынан кепкасын қағып ұшырып түсірді. Ол жалт бұрылып, кепкасын ұстап алмақ болып еді, жолдастарынан адасып қалды.

Дәл сол уақытта адам айтса нанғысыз ғажап оқиға болды. Орман іші азан-қазан жаңғырып кетті. Түйе беліндей жуан бәйтерек майысып келіп, Алмабекті баса жаздап, жолына көлденеңдеп тосқауыл бола қалды. Алмабек қорыққаннан шыңғырып жіберіп, кейін қарай жалт берді. Сол кезде түс-тұстан:

– Ө, бәлем, Алмабек, қолымызға түстің бе?– деген ашулы дауыстар жамырап естілді.

Алмабекте ес қалмады. Ағашы аздау бір жермен жүгіріп өтпекші болып еді, ұзын бір ақ қайың жапырақтары жалпылдап алдын тағы бөгей қалды. Алмабек кейін қарай жалт берді. Маңайдағы ағаштар су-су етіп төніп келіп қалғанын көрді. Бірнеше солқылдақ көк шыбық жотадан шып-шып еткізіп, шарпып өтті.

– Сендерге мен не жаздым?! – деп Алмабек жылап жіберді. Сол кезде төбесі көк тіреген, көпті көріп, көп жасаған орман атасы кәрі еменнің күжілдеген жуан дауысы естілді:

– Сенің жазығың сол: біздің бірнеше жас шыбығымызды үйіңнің қасына отырғызбақ болып қа-



зып әкетіп едің, нағыз азап халге салып қойыпсың. Түбі босатылмай, қатып қалыпты. Тамыры суалып, құрып бара жатқан көрінеді. Осы қылығың адамшылыққа жата ма? Ағаштан көрген не жамандығың бар? Жайқалып өсіп тұрсақ, ауылдың көркі емеспіз бе? Жаздыгүні ми қайнатқан ыстықта саямызға паналайсың. Қыстыгүні азынаған бораннан қорғаймыз. Астыңдағы орындығың мен алдыңдағы үстелің, қаламқағазыңа дейін ағаштан істеледі. Үйіңе қабырға болып та қаланамыз. Сен осыны неге түсінбейсің, неге бағаламайсың? – деді қарт емен.

Істің мән-жайы Алмабекке әбден түсінікті болды.

– Кешіріңіздер. Кешіре көріңіздер! – деді Алмабек.

– Кешіруге болмайды, – деп солқылдақ көк шыбық тағы да төніп қалып еді, қарт емен оны бұтағымен қағып тоқтатты.

– Жә, шошаңдамай, тұра тұр. Бала сөзін айтып болсын, – деді.

– Кешіріңіздер. Мен отырғызған ағаштарымды

бүгіннен бастап мәпелеп күтуге уәде беремін, – деді Алмабек.

– Жарайды, – деді қарт емен, – олай болса, бар үйіңе!..

Бердібек Соқпақбаев



2. 78-беттегі сурет мәтіндегі қандай оқиғаға сәйкес келеді? Өңгімеле.



3. Қалай ойлайсың, Алмабек уәдесінде тұрды ма? Мәтіндегі оқиғаны аяқта.



4. Мәтінге сүйеніп, ағаштың пайдасы туралы жаз. Түсіндір.



5. Ағаштар ашуланбағанда не болатын еді? Ой бөлісіңдер.



6. Алмабекке ағаштарды қалай күту керектігі жайлы қандай кеңестер бересің?



82

Жыл мезгілдері

1. Қандай жыл мезгілін ұнатасың? Неліктен?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Жыл мезгілдері

(Ертегі)

Ғасыр бабаның ЖЫЛ атты жалғыз ұлы болыпты. ЖЫЛ төрт перзент сүйіпті. Екі ұл, екі қыз. *Үлкені* – Қыс шатақ мінезді. Ө десе, мә деген сотқарлау, басынан сөз асырмайтын қиқар болып-

ты. Содырлау болғанмен, әкесі оны бірбеткейлігі, шымырлығы үшін жақсы көріпті.

Екіншісі – Көктем жұрттан асқан көрікті. Жаны да нәзік, сұлу қыз болып өсіпті. Нені болса да шын жүрегімен қабылдайтын. Сезімталдығы мен көркемдігі үшін оны бәрі де жақсы көреді екен.

Үшіншісі – Жаз әпкесіне қарағанда ашық-жарқын. Жайдары мінезді, көңілді қыз болып өсіпті. Ол – аузын ашса, көмейі көрінетін адалдығымен, таңғы шықтай мөлдір, пәктігімен көпке ұнапты.

Ал ең *кенжесі* – Күз өте ерке болып өсіпті. Сәл нәрсеге бола ренжіп, бұртиып, қабағын түйе қалады екен. Кейде балаларға өкпелеп, әрең іркіп тұрған көз жасын тыя алмай, төгіп-төгіп жібереді екен. Өйтсе де Күзді жомарттығы мен ақкөңілдігі үшін бәрі де ұнатыпты.



3. Ертегінің мазмұны бойынша кестені толтыр.

Жыл мезгілдері	Кейіпкерлердің сипаты	Сенің пікірің
Көктем	көрікті, сұлу қыз,	...
...	жаны нәзік, се-	
...	зімтал	
...		



4. Көп нүктенің орнына тиісті жыл мезгілінің атауын жаз.

... – көрікті. ... – жайдары. ... – жомарт. ... – қаһарлы.



5. Жыл мезгілдеріне қатысты суреттер ойластыр. Өңгімеле.



6. Дереккөздерді пайдаланып жауап бер.

Шырша ағашының қыста да, жазда да, тіпті жылдың төрт мезгілінде де жап-жасыл болып тұруы ойландырады. Рас, ағаштардың жыл бойы көгеріп тұруы ыстық елдерге тән. Ол жақта жапырақтардың жерге түсіп, сарғаюы екіталай.

Шырша неге жыл бойы жап-жасыл?

Шәкен Құмісбаев



83

Бір кесегін үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем?!

1. Жұмбақты шеш.

Алдым да әр түрінен жібек жіптің,
Аспанға әшекейлеп кесте тіктім.

2. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Кемпірқосақ

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Көкте қызыл-жасылды
Кемпірқосақ асылды.

Мектебімнің тойдағы
Қақпасындай әдемі,

Мың құбылып жайнады,
Қызықтырып әдейі.

Құлпырғаны қызық-ақ,
Жеті түрлі бояумен.
Бір кесегін үзіп ап,
Үйіме әкеп қояр ма ем?!

Өттең бойым жетпейді,
Өттең қолым жетпейді...

Мұзафар Әлімбаев

3. Олеңнің авторы кім? Ол туралы не білетініңді есіңе түсір.



4. Мәтіннен суретке қатысты сөздерді тап және байланыстырып жаз.

...

...

жеті түрлі бояулы



5. Дереккөздерді пайдаланып, кемпірқосақтың қалай пайда болатынын біліп кел.



84

Сүп-сүйкімді лағым

1. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға дағдылан.

- Жабайы маралдар бар,
Араларында жаралы маралдар бар.

- Еліктер керіктерге еліктеді ме?
Керіктер еліктерге еліктемес.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Еліктің лағы

Аспан шайдай ашық. Таңғы таза ауа дене тоңазытады. Жалғызаяқ жолмен қолына таяқ ұстаған, иығына мылтық, дүрбі асынған, беліне торсық байлаған бір адам келеді. Ол – Түймебай деген аңшы.

Аңшы таяғына сүйеніп, биікке өрмелей бастады. Беліндегі торсығын шешіп, сая жерге жасырды. Таяғын тасқа сүйей салып, қолына қосауыз мыл-



тығын алды. Қарсы алдынан бір нәрсе қараңдағандай болды. Ол демін ішіне тартып, мылтығын алға кезенген бойда қалт тұра қалды.

Әлден соң таста отырған қара қарғаны көрді.

«Қап, мына қырсық атқыр бүлдірмесе игі еді» дегенше болған жоқ, қарға «сақ болыңдар, аңдар!» деп ескерту жасағандай, төбесінен бар дауысымен қарқылдай ұшып өтті. Түймебайдың ызаланғаны соншалық, оны атып салғысы да келді. Бірақ ашуын ақылға жеңдіре білді.

Ол қайтадан алға жылжи бастады. Кенет биік шоқы түбінен бір елікті көріп қалды. Қуанғаннан екі көзі оттай жайнап кетті. Дереу мылтығының құлағын қайырды. Енді ол тіпті жақын келді. Елік қаннен-қаперсіз жалпақ ақ тасты жалап тұр. Нысанаға ала бастады. Өне, елік қарауылға да ілінді. Сол сәт шоқы тастың арғы жағынан селтең етіп кішкене сұр лақ көрінді. Ол келе енесінің емшегіне жармасты. Түймебайдың қолындағы мылтық сылқ етіп жерге түсіп кетті.

Мамытбек Қалдыбаев




3. 83-беттегі суретке зер сал. Мәтінге сүйеніп, аңшыны сипатта. Мысалы: Беліне торсық байлаған. Онда ішетін сусыны бар...



4. Берілген суреттерге ортақ тақырып ойлап тап. Тағы қандай суреттермен толықтырар едің?



?



5. Аңшының іс-әрекетіне көзқарасыңды білдір.



6. Суретке зер сал.

- Суретте не бейнеленген?
- Суретті сипатта.
- Суретке қарап, өлең құрастырып көр:

... лағым,

... бұлағың.

Су іше ғой, көнеки,

... тұрамын.





85

Аңдар да сөйлейді

1. Мән беріп оқы.

Ағаш басында **тиін**
Тауып қуыс **иін**,
Жасап алыпты **ін**.

Ескен Елубай



Иін – ағаштың, бұтақтың иілген жері.

2. Жұмбақты шеш.

Аңның аты ...,
Жүрген жері күлкі.



3. Тиін мен түлкі туралы не білесің? «Күн шұғыласы» суреті бойынша не білетініңді дәптерге жаз.



4. Мәтінді түсініп оқы.

Түлкі мен Тиін
(*Мысал*)

Кездесіп қап қиырда,
Түлкі айтты:

– Тиін-ау,
Тоқсан тоғыз айлам бар,
Сенің жайың қиын-ау.
Тиін айтты:
– Жайды аңғар,
Жалғыз ғана айлам бар.
Сен сияқты тым ерке
Емеспін мен тайраңдар.
Олар сөйтіп тұрғанда,
Қасқыр жетті бұл маңға.
Тиін талға өрмелеп,
Түлкі қалды тырбаңдап.
Тоқсан тоғыз айлалы
Түлкі бірден жайрады.
Бір айласы тиіннің
Болып шықты пайдалы.



Абдырахман Асылбеков

5. Мысалдың авторы кім? Ол туралы не білетініңді есіңе түсір.

Мысал – қысқа оқиғалы шығарма. Мысалдың кейіпкерлері аңдар, құстар, жануарлар, өсімдіктер болады. Мысалда кемшіліктер сыналады. Ақыл-кеңес айтылатын қорытынды ой болады.



6. Кестені мысал бойынша толтыр. Мәтін неге мысалға жатады деп ойлайсың?

Мысалдағы кейіпкерлер	Түлкінің 3-4 аяласын ата	Тиіннің жалғыз аяласын ата	Мысалдағы қорытынды ой айтылған жолдар
...			
...			
...			



7. 87-беттегі суретке зер сал. Мысалға сүйеніп, кейіпкерлер арасында диалог құрастыр.



86

Табиғаттың тосын сыйы

1. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға жаттық.

Көктем жауын-шашынсыз болмас,
Жауын-шашынды болса,
Жасынсыз болмас.



• **Жасын** сөзіне мағынасы жуық сөзді жаз.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Найзағай

Жазғы демалыс кезі. Біз жүгерінің арамшөбін отап жүр едік. Күн күйіп тұрған. Түске таман аспанда қара бұлт пайда болды да, ұлғая-ұлғая аспан-

ды түгел жайлап алды. Дала күңгірттеніп түнере түсті де, жаңбыр құйып кетті.

Қос едәуір жерде еді. Жұрт паналар жер таппаған соң, кетпен-күректерін төбелеріне тосты. Төңкерілген көп кетпен жыпырлап тұр. Найзағай жарқылдап, шатыр-шұтыр күн күркірегенде, металдың жай тартатыны есіме түсе кетті.

– Қашыңдар! – деп айқай салдым.

– Кетпенді тастап қашыңдар! – деп дауыстады Болат та менің ойымды түсінгендей.

Кенет шыққан ащы дауыстан шошып қалған жұрт кетпен-күректерін лақтырып, қосқа қарай қашты. Демде ұзап кеттік.

Көп кешікпей жаздың жылы жаңбыры басылды да, лезде аспан шайдай ашылып, бұлт арасынан жарқырап күн шыға келді.

Қайтып орнымызға келсек, әлгі жерге жасын түсіпті. Кетпен-күректердің кейбіреуін жапырып, кейбірін тесіп, жерге сіңіп кетіпті.

Бұл көріністен жаны түршіккен қарттар:


– Ойпырым-ай, осы жерде тұра берсек не болар еді?! Білгендеріңнен, оқығандарыңнан айналайын! Өркендерің өссін! – деп, Болат екеуімізге алғыс айтты.

Дәулет Қасенов




Қос – өмірде, шаруашылықта уақытша пайдаланатын баспана.

Кетпен – шаруашылықта, тұрмыста қолданылатын еңбек құралы.

 3. «Адасқан сөздер» ойыны. Мәтінге сүйеніп орында.

Адасқан сөздерді орнына қойып оқы. Алдымен сызықтарды дұрыс жүргізіп ал.

Жаңбыр жауғанда	→	қара бұлт пайда болды
	→	аспан шайдай ашылды
	→	найзағай жарқылдады
	→	күн күркіреді
Жаңбыр басылғанда	→	жарқырап күн шықты

 4. Найзағайдан қалай қорғану керек? Ереже құрастыр.



87 Табиғатым құстарменен көрікті

1. Жұмбақ-өлеңді түсініп оқы. Шешуін тап.

Алғашқы түбір сөз –
 Аспаннан тұрған сорғалап.
 Екінші түбір сөз –
 Сүт тағамы домалақ.
 Екеуін қосып оқысаң,
 Жәндік жүрер жорғалап.

Ескен Елубай

2. Жұмбақтарды шеш.

- Орманда жоғары
Ағашқа қонады.
Тұмсығын балға етіп,
Тоқ-тоқ соғады.

Ескен Елубай

- Орманда сайрайды,
Сайраудан талмайды.



3. Тоқылдақ пен бұлбұл туралы не білесің? Не білетініңді «Күн шұғыласы» суреті бойынша дәптерге жаз.



4. Мәтінді түсініп оқы.

Бұлбұл мен Тоқылдақ

(Мысал)

Бұлбұл келіп, бұлқынды,
Тоқылдақты жұлқыды:
«Күндіз де тоқ-тоқ,
Ойпырым-ай, өзің бір
Жан екенсің жақ жоқ!»



**Шона
Смаханұлы
(1924–1988)**

Сенің тоқылыңнан
Орман жаңғырығып,
Таңертең тұрамыз
Басымыз мәңгіріп...»
Сонда Тоқылдақ
Күлді де сақылдап,
Көрсетті оған бір құртты
Тұмсығымен шоқып ап:
«Бұлбұлмын дейсің,
Дымды білмейсің,
Кезің келді сыналар,
Мен болмасам, мыналар
Жоқ қылмай ма орманыңды?!
Көрер ем
Сонда әнге салғаныңды...
Құрт жеген соң гүліңді,
Жұрт неғылсын үніңді».

Шона Смаханұлы

5. Сызбаға сүйеніп, автор туралы әңгімеле.





6. Топқа бөлініп, бұлбұл мен тоқылдақтың айтқанымен келісетіңіз не келіспейтіңіз дәлелдер келтіріңіз.

1-топ:

Бұлбұлдың пікірі	Неліктен келісетіңіз?	Неліктен келіспейсіңіз?
	1. ... 2. ...	1. ... 2. ...

2-топ:

Тоқылдақтың пікірі	Неліктен келісетіңіз?	Неліктен келіспейсіңіз?

7. Мәтінді тыңда. Ойланып жауап бер. Өз бетіңше сұрақтар ойластыр.

Біздің қарлығаш

Біздің пәтер үшінші қабатта. Осымен үшінші жыл, бізді дос көріп, қарлығаш ұя салып жүр. Ұясы пәтерге кіреберіс есіктің маңдайшасындағы электр шамының үстінде. Ол ұясына кіруін кірсе де, далаға шыға алмай, баспалдақтың жоғары жағында сусылдап ұшатын.

Біз үшінші қабаттың терезесін ашып қойдық. Енді қарлығаш ұясына ашық терезе арқылы қатынайтын болды. Есік алды саңғырықпен қаншама

былғанса да, Есімбек пен Маржан еш ренжіместен, күнделікті тазалаудан жалыққан емес. Бір күні өте нәзік дауыс шиқ-шиқ етеді. Сарыауыз балапандардың дауысы ғой. Дамылсыз тамақ тасыған анасын көріп мәз-мейрам. Біз де мәзбіз.

Зура Мейірханова



88

Осындай да ғажап бар

1. Төмендегі суретке зер сал. Қандай ой туды?
2. Мәтінді түсініп оқы.

Арыстан мен қозы

Бірде арыстан тұрған тордың ішіне жаңа туған қозыны әкеліп тастады. Түк білмейтін жаңа туған



қозы арыстаннан қорқудың орнына, оның жанына жақын барып, үсті-басын иіскелеп, мазасын алады. Арыстанды өзімнің енем деп ойласа керек. Мұны көрген аң патшасы жас қозыны бас салып жеудің орнына, аңқиып тұрып қалды. Ал қозы болса, одан әрі еркінсі, сүйкеніп тоқтар емес, қайта оған жабысып, жақындай түсті.

Айбатты арыстан жас қозының сүйкімді сәби қылығына қайран қалғандай тәкаппар ұлылықпен, әрі іштей бір бейкүнә жылылықпен қайта-қайта қарай берді. Оны жей салуға батылы жетпеді. Сөйтп аш арыстан еріксіз көзін жұмып, қалғып кетті.

Леонардо да Винчи

Аударған Әубәкір Нілібаев



3. Арыстан мен қозыны сөйлетіп, сахналаңдар.



4. Ойланып, жауап бер. Берілген мәтінді жалғастыр.

Бір ғажап ел болыпты. Сол елде қасқыр мен қой, арыстан мен қозы бірге жүріпті. Түлкі мен тауық бір қорада тұрыпты. Көгершін мен қаршыға бір ұяда жұмыртқалапты.

Айтыңдаршы, осындай ел болуы мүмкін бе?



89

Не үйрендім?



1. Суреттерге қара, Жер-Анаға деген тілегіңді кемпірқосақтың жолақтарына түсір.



2. Кластер құрастыр.



Қоршаған
орта

3. *Табиғат бізге не береді?* деген сұрақ төңірегінде ойлан. Досыңмен ой бөліс. Сыныптастарыңмен пікірлес.



4. «**Табиғатты қорғау**», «**Табиғатқа зиян келтіру**» деген тақырыптарға суреттер ойластыр. Түсіндір.



5. Жер-Анаға хат жаз. Мына сөздерді пайдалан: *жемісіңді жейміз, суыңды ішеміз, нан бересің, Жер-Ана, рақмет*. Хатыңды Ғ. Мүсірепов шығармасының соңғы сөйлемімен аяқта.



90

**САЯХАТ****Егістікте болдың ба?**

1. Жұмбақтарды шеш.

1. Ұзын мұртты сарылар,
Қойынында наны бар.
2. Шеңбер жасап өседі,
Желмен бірге көшеді.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Бидай мен Қаңбақ

(Мысал)

Өзі қаңбақ болсын,
 Онда қандай салмақ болсын!
 Тұрақтай алмай тегістікке,
 Тірелді бір күні егістікке.
 Дауыспен былай тіл қатты:
 – Сен осы Бидаймысың?
 – Бидаймын!
 – Ақыл айтсам, тыңдаймысың?
 – Тыңдаймын!
 – Осы қай тұрысың?
 Жүрмейсің, көрмейсің, кезбейсің,
 Не бар, не жоқты да сезбейсің.
 Көктемде шығып,
 Күз болса бұғып,

Бастарың салбырап,
 Тұрғандарың маужырап...
 – Ей, Қаңбақ! – деді Бидай,
 Қанасына сыймай, –
 Ашып айтсақ дұрысын,
 Осы қай жүрісің?
 Белгілі тұрағың жоқ,
 Бас түгіл құлағың жоқ.
 «Уф» десе, ұшасың,
 «Суф» десе, қонасың.
 Қаңғырған қаңбақсың,
 Кімге тұлға болмақсың?
 Күні мен түні
 Ұшарыңды жел біліп,
 Қонарыңды сай біліп,
 Сайран салып жүргенің...
 Ал біздің
 Жиғанымыз дән,
 Айналамыз толған өн...
 Абырой да, даңқ та,
 Ерлік те, жеңіс те –
 Барлығы осы егісте... –
 Бидайдың сөзі осымен бітті,
 Қаңбақ жөніне зытты.
 Дұрысын айтқан
 Бидай ма, Қаңбақ па?
 Оны өздерің салмақта...

Асқар Тоқмағамбетов

3. Мысалдың авторы кім? Ол туралы не білетініңді есіңе түсір.



4. «Адасқан сөздер» ойыны. Мәтіннен келтірген үзінділердің қай кейіпкерге қатысты екенін белгіле. Жұмбақтар құрастыр.

Кейіпкерлер	Мысалдан келтірілген үзінділер	Үзінділерді пайдаланып, жұмбақ құрастырып көр.
<p>1.</p>  <p>2.</p> 	<p>1. Онда қандай салмақ болсын!</p> <p>2. Көктемде шығып, Күз болса бұғып...</p> <p>3. «Уф» десе ұшасың, «Суф» десе қонасың.</p> <p>4. Жиғанымыз дән, Айналамыз толған ән.</p> <p>5. Ұшарыңды жел біліп, Қонарыңды сай біліп, Сайран салып жүргенің...</p> <p>6. Абырой да, даңқ та, Ерлік те, жеңіс те – Барлығы осы егісте.</p>	<p>...</p> <p>...</p> <p>...</p> <p>Өседі егісте, Өзінде – Абырой да, даңқ та, Ерлік те, жеңіс те.</p>

5. Мәтіннің мысалға жататынын дәлелдеп көр.



6. Қалай ойлайсың, дұрысын айтқан Бидай ма, Қаңбақ па? Дәптеріңе жаз.



7. «Егіс даласында» атты коллаж құрастырыңдар.



91

Бақшада

1. Кластерді ауызша құрастыр.



2. Мысалды түсініп оқы.

Даңғой*(Мысал)*

Көрінбей көзге бір қияр,
 Қалтарыста қалыпты.
 Көңілінде зор қиял,
 Маңайға жар салыпты:

Деді байғұс күрсініп,
 Даңғойланды, мақтанды.
 Желөкпелік қырсығы
 Барлық сырын ақтарды.

«Қарамай суық, жауынға,
 Қар түскенше мен өсем.
 Қарбыз бенен Қауынға
 Қайтсем-дағы теңесем!

Бірақ болмай дегені,
 Жетті уақыт мөлшері.
 Тамырының қорегі
 Таусылды да, ол семді.

Үстемелеп салмағым,
 Алып болам, нән болам!
 Топырақтың бар нәрін
 Тататын тек мен болам», –

Жарамады жеуге де,
 Адам қолға алмады.
 Жарамады жемге де,
 Мал маңына бармады.

Жарамаса кәдеге,
Құр жатқаннан не пайда?
Өндірмесе дәнеме,
Мақтанғаннан не пайда?

Есентай Ерботин



Даңғой – мақтаншақ.

Нән – бұл жерде: үлкен.

3. Сызбаға сүйеніп, автор туралы әңгімеле.



4. Мәтін неліктен мысалға жатады? Белгілерін ата (кейіпкері, қорытынды ойы).



5. Дәптеріңдегі кестені толтыр.

Мысалда берілген сөздер	Мағынасы
...	мақтаншақ
даңғойланды	мақтанды
...	үлкен болам
...	таса жерде
...	керекке, қажетке, пайдаға



6. Даңғой қиярдың суретін сал.



7. Даңғой қиярдың іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.



92

Мен – теңізшімін

1. Жаңылтпашты жаңылмай айт.

Бұл теңіз – ерен теңіз,
Ең терең теңіз деңіз.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Дельфин

(Болған оқиға)



Су асты жартастарының арасындағы жолды тек дельфин ғана білетін. Кемеңің келе жатқанын сезісімен көмекке асығатын. «Сақ бол, бұғаз өте қауіпті. Соңымнан жүріп отыр» дегендей, басқару тұтқасындағы кісіден көз алмай, қадала қарайтын.

«Кеме соңымнан келе ме, жоқ па?» дегендей, артына қарайлаған дельфин кеме алдында жүзіп отыратын.

Бұғаздан аман-есен өткен теңізшілер қуаныштан дельфинге қолдарын бұлғап: «Ура!» деп шуласып жататын.

Бұл жолы бұғазда «Пингвин» атты кеме пайда болды.

Әдеттегідей дельфин көмекке асықты. Бірақ бір жауыз әрі ақымақ адам палубада тұрып, оған винтовкадан оқ атты.

Сөйтіп, ол дельфинді жаралады. Ашуланған дельфин тереңге сүңгіп, жоқ болды.

Оны бір ай, екі айға дейін ешкім көрмеді.

Сонан соң қайтадан пайда болып, тағы да адамдарға жол көрсетіп жүрді. Тек «Пингвин» атты кеме бұғазда жартасқа соғылып, апатқа ұшырады. Міне, бақытсыздық деген...

Спиридон Вангели
Аударған Қабділрәшид Қайымов



3. 104-беттегі суретке зер сал да, мына сұрақтарға жауап бер.

- Суреттен нелерді көріп тұрсың?
- Кемені көрген дельфин не істеді?
- Неге олай етті деп ойлайсың?
- Мәтінді әңгімеле және өзің сурет салып кел.

? 4. «Кім шапшаң?» ойыны. Мәтіндегі кеме қалай аталады? Тағы қандай кемелердің атауын білесің?

5. «Мен – теңізшімін» ойыны. Сен – теңізшісің. Теңіздегі дельфиндермен дос болғың келеді. Бірақ қиындықтар кездесті. Ол қандай қиындықтар? Оларды қалай жеңетіңді айт.



📖 6. Жолыңдағы кедергілерді жойдың. Сен – нағыз теңізшісің! Көңіл күйіңді өлең жолдарымен жеткізіп көр.

Дельфиндермен жарысып,
... .. келемін.
Толқындармен қауышып,
... .. келеді.



93

Мен де ғарышкер боламын

1. Сен Гиннесс рекордтар кітабы дегенді естідің бе?



Гиннесс кітабы – алғаш рекорд жасаған адамдардың есімі жазылатын кітап.

Рекорд – еңбекте, спортта қол жеткен ең жоғары табыс.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Гиннесс кітабына кірген қазақ

«Тбилиси» крейсерінен жаңа әдіспен ұшақты көкке көтеру оқиғасына бүкіл әлем көз тікті десе де болады. Тоқтар сынақшы-ұшқыш ретінде бұл ерлігін МИГ-29 ұшағымен жасады. Кеңес ұшағы лып етіп көтеріле ала ма? Өлде бұрқ етіп жоқ бола ма? Бүкіл дүниежүзінің мамандары демін ішіне тартып, қарап тұрған еді. Тоқтар Өубәкіровтің алдына крейсердің қып-қысқа ұшу алаңынан МИГ-29 ұшағын лып еткізіп көкке көтеру міндеті қойылды. Жаңа әдістің ерекшелігі сонда: ұшақ құдды трамплиннен түскендей төмен лықсып келіп, дүр етіп ұша жөнелген кептердей тез көтеріліп кетуі керек. Барлық мәселені аз-ақ секундтар шешеді. Ол ұшақтың моторына байланысты. Сәл іркіліс болса, бітті: ұшақ судың астына



**Тоқтар
Өубәкіров**
(1946 жылы
туған)

кіріп кетеді. А деп ауызды ашқанша құйрығы қайқаң етіп зеңгір көктен көрінетін дыбыстан жылдам ұшақты Тоқтар сонда зыр-р еткізіп көтеріп үлгерді. Асқан дәлдікпен аядай жерге ұшақты қайта қондыру да ғаламат ерлік болатын. Авиация тарихында бірінші рет мұндай әдіспен ұшуды жүзеге асырғаны үшін Тоқтардың бұл ерлігі Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді. Бұл 1989 жылдың 1 қарашасында болған оқиға еді.

Ал 1991 жылы Тоқтар Әубәкіров қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7 тәулік 22 сағат, 12 минут, 40 секунд ғарыш кеңістігінде болған Тоқтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды.

«Ер қанаты – тұлпар» деген сөз бар. Темір тұлпарды ерттеп мінген нағыз батыр Тоқтар Әубәкіров аршындап алға басып барады.

Нағыз қазақ!

Қыран қазақ!

Қанатың талмасын!

Дәл бүгін бар қазақтың осы бір нар қазаққа айтар тілегі осындай.

Нұртөре Жүсіп



Кеңес – 1917–1991 жылдар аралығындағы мемлекет атауы (Совет Одағы – Кеңес Одағы)

3. Гиннесс кітабына кірген қазақ кім? Ол қандай ерлік көрсетті?
4. Тоқтар Әубәкіровті сипатта. Батырға қандай тілек айтасың?



5. Өлең құрастырып көр.



Мен ғарышкер боламын,

... .. қонамын.

Тоқтар аға сияқты

... қазақты.



94

Ғарышқа саяхат

1. Жұмбақтарды шеш.

1. Үлкен алтын табақтан

Өлемге нұр таратқан.

2. Кейде жарты, кейде бүтін дөңгелек,

Түн болғанда шомылады көлге кеп.

3. Күндіз бәрі қашады,

Түнде аспанды басады.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Ғарышқа ұшқан жануарлар

Жануарлар ғарышқа ұшқан алғашқы тіршілік иелері болды. Ең алғашқы ғарышқа ұшырған жәндіктерге жеміс шіркейлері жатады.

Йорик – ғарышқа ұшыру кезінде тірі қалған ең алғашқы маймыл.

Лайка – ғарыш кеңістігіне жеткен ең алғашқы жануар – ит. Оны Кеңес Одағы әлемнің екінші жа-

санды серігі – «Спутник-2»-нің бортында ұшырды. Лайка кабинасына телевизиялық камералар және айналадағы температура мен қысымды өлшеу үшін сенсорлар орнатылды. Сенсорлар сонымен қатар Лайканың қан қысымын, тыныс алу жиілігін және жүрек соғысын өлшеп, микрогравитация әсерін зерттеуге арналды.

*«Ғалам» энциклопедиясынан
Аударған Д. Әліпбаева*



Микрогравитация – бұл жерде: ғарыш кеңістігінің әсері.



3. Ғарышқа алғаш ұшырылған жануарларды ата. Тағы қандай жануарлар ұшқанын хрестоматиядан оқып, біліп алуыңа болады.

4. Неліктен жануарлар ұшырылған деп ойлайсың?



5. Ғарышқа қатысты сөздерден өзің анықтамалық жаса (4-5 сөз).



95

Көлге саяхат

1. Қазақстандағы көлдерді ата.
2. Мысалды түсініп оқы.

Төкаппар*(Мысал)*

– Жөнімді өзім білем, – деп, –
 Сусыз-ақ өмір сүрем, – деп,
 Құрлықты балық мақтапты,
 Теңізін туған даттапты.

Бір күні күшті жел тұрып,
 Тулады теңіз жұлқынып.
 Төкаппар өлгі балықты
 Құшаққа құрлық алыпты.

Жел кептіріп денесін,
 Күн құрғатып өңешін,
 Желбезегі желпілдеп,
 Ыршыды көкке селкілдеп.

Құрлық судай болмады,
 Жан қояр жер қалмады.
 Аузын ашып су тілеп,
 Жылапты зарлап үгілеп:

– Мөлдір суым, мекенім,
Енді қайтсем жетемін?!
Қадіріңді білмедім,
Неге шалқып жүрмедім?! –
... Тыңдамап еді ешкімді,
Қателігін кеш білді.

Шона Смаханұлы



Тәкаппар – бұл жерде: өркөкірек, менмен, кесірілі.

3. Мысалдан балықтың сөздерін тауып, нақышына келтіріп оқы.



4. Сусыз өмір сүргісі келген балық қандай күйге тап болды? Өз көзқарасыңды білдіріп жаз.



5. Мысалдағы қорытынды ой не? Ол қай жолдарда берілген? Дәптеріңе жаз.



6. Екі мысалды салыстыр.

Е. Ерботин «Даңғой»	Ұқсастығы	Ш. Смаханұлы «Тәкаппар»



96

Көлге саяхат

1. Көлге саяхатыңды жалғастыр. Кластер құрастыр.



2. Мәтінді түсініп оқы.

Көлде

Көл ортасында қалың жасыл ала қамыстың айналасы – айнадай жалтыраған кең жайқын. Сол жайқында аппақ болып шаңқиып екі аққу сыланады. Ақырын, әсем жүзіп көлеңдейді. Екі аққу ұзын, сұлу мойындарын иеді. Көл ортасында сыңқылдайды. Аппақ денесін күміс суға төсейді. Күміс судың айнадай мөлдірін шымырлатып сызады.

Екі аққудың нәзік, сұлу үні сұңқылдайды.

Сәкен Сейфуллин



Жайқын – бұл жерде: көл.

3. Мәтінде қандай жыл мезгілі туралы айтылған? Оны неден аңғардың?



4. Екі топқа бөлініңдер: 1. Мәтіндегі аққудың сипатына қатысты сөздерді тауып толықтырыңдар. 2. Мәтіндегі аққудың қимылына қатысты сөздерді тауып, толықтырыңдар.



5. Мәтін мен суретті салыстыр. Мәтінге сүйеніп және өздерің ойлаған сөздерді пайдаланып, суреттегі көріністі сипатта.



6. Мәтіннің авторы кім? Ол туралы не білетініңді айт.



7. Өзіңе ұнайтын жан-жануар туралы 5 жол өлең құрастыр.

1-жол – тек 1 сөзбен беріледі: зат есім.

2-жол – тақырыпты 2 сөзбен сипаттау: сын есім.

3-жол – тақырыпқа қатысты 3 қимыл атауын жазу: 3 етістік.

4-жол – 4 сөзден тұратын сөйлем.

5-жол – тақырыппен мәндес бір сөз. Синоним.



97

Тамаша ғой жазғы орман!

1. Өлеңнің мазмұнына сәйкес қимылдар жаса.

Қорбандаған қонжық
Орманда келеді.
Өнін айтып, маймандап,
Бүршіктер тереді.
Саудыраған бүршіктер
Маңдайға тиеді.
Ашуланған қонжық
Жерді кеп тебеді.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Бүлдірген тере барғанда

Бала атаулының жаз болады десе, ерекше сағынатыны – бүлдірген. Пісті ме, жоқ па? Бүлдірген дегенде, Абай да елең етіп, сұрастыра бастап еді. Төкежан жаңа ат үстінде жүріп естіпті. Бақанаспен қатар ағатын Жәнібек суы бар. Соның Шыңғыс тауына қараған бас жағында бүлдірген тұнып тұр дейді.

Төкежан осыны айтқанда, жаңағы көп бала:

– Жүр, ендеше, барайық!



**Мұхтар
Әуезов
(1897–1961)**

– Барып теріп қайтайық!
 – Жүріңдер!
 – Ал ат ұстандар!
 – Иә, сәт, бүлдірген, бүлдірген! – десіп шуласты.
 ... Бүлдірген иісі аңқыған, көк майса шалғынды жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп болды.

Аттарын тұсап-тұсап тастаған балалар бүлдіргеннің қызығына әлі қанған жоқ. Алғаш кеп түскен бір беттен жылжымаса да, сол алаңның өзінің жемісін де мойыта алған жоқ. Жегеннен асқандарын тақия, дорба, қалталарға да сықап жатыр.

Мұхтар Әуезов



Мойыта – бұл жерде: тауыса.


Сықап – толтырып.

3. Сызбаны пайдаланып, Мұхтар Әуезов туралы әңгімеле.



4. Бүлдіргеннің піскені туралы хабар балаларда қандай көңіл күй туғызды? Олардың сөздерін тауып, мәнерлеп оқы.

5. Мәтінді екі бөлікке бөліп, әр бөлікке ат қой.

 6. Өзінді орманда жүрмін деп елестет. Қиялыңдағы суретті сөзбен сипаттап жазып көр.



98

Мұнайлы елім бар

1. Ойланып жауап бер.


Жүк кемесі қайда жүзіп барады?

Қазіргі уақытта елімізде Ақтау порты іске қосылып, «қара алтынды» (мұнайды) Каспий теңізі арқылы басқа мемлекеттерге тасу ісі жолға қойылған. Бір кезде ең жақын мұнай кен орны қайда десе, Бакуді айтатын жұрт енді Атырау, Ақтау деген атауларға бет бұрды, яғни көрші жұрт та қазақ мұнайын мойындайтын болды...

Шәкен Құмісбаев



Көрші жұрт – шегаралас мемлекет.



2. Өлеңді түсініп оқы.

Мұнайшы

Маңғыстауым мұнайлы,
Маған сондай ұнайды.
Көкке мұнай атқылап,
Көктен жерге құлайды.

Мөңгі оттан аумайды,
Қызыл өрттей қаулайды!
Көгілдір газ лапылдап,
Жалын болып лаулайды!
Мұнайшы ағай жарайды!
Жүзі қандай арайлы!
Мұнай-дария
Бар елге
Қуат болып тарайды!

Қиян түзде,
Жырақта,
Тер төгеді ол қыратта.
«Ерлік жасап жүрмін», – деп,
Бәлсінбейді бірақ та!

Қайрат Жұмағалиев



3. Кестені толтыр.

Мұнайдың пайдасы	Мұнайдан жасалған заттар



4. Суретке қара және төмендегі тапсырмаларды орында.



- Суреттен кімді көріп тұрсың?
- Өлеңнен осы суретке сәйкес келетін жолдарды тауып оқы.
- Мұнайшының еңбегі туралы әңгімеле.



99

Тауларым бар тізілген

1. «Кім шапшаң?» ойыны. Бір минуттың ішінде Қазақстанның қанша тауын атай аласың?
2. Өлеңді түсініп оқы.



Жамбыл Жабаев
(1846–1945)

Алатау

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың.
Дариядай сол таулардан тулап тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.

Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
Өрік пен алма, алмұрт, жемістер көп
Бір татсаң, ауызыңнан дәм кетпейтін.

Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып, бұлттарменен болған кептес.
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып.
Тулаған аққан бұлақ тасқынында
Асаудай ойнақ салар балық шоршып.

Жамбыл



Ну – қалың.

Мұнар – бұлыңғыр.

Кептес – тілдесу, сөйлесу.



3. Өлеңдегі ақын ойын және сөзін пайдаланып, дәптердегі кестені толтыр.

Берілген сөз	Осы сөзге қатысты көркемсөз
Таудан аққан су	дыбысы, қимылы
Таудағы жемістер:	олардың дәмі
...	
Таудағы аңдар:	олардың қимыл-қозғалысы
...	
Тау суындағы жәндік	оның қимылы
...	

4. Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.





100 Жазғы саяхатқа дайындаламын

1. Жазғы демалыс жақындап келеді. Қайда, қалай демалатыныңды жоспарладың ба?
2. Мәтінді түсініп оқы.

Досыма хат

Міне, досым Мұратбай, мен үшінші сыныпқа көштім. Енді бір-екі жұмадан соң ауылға барамын. Көп ұзамай сендерді көретін боламын.

Ауыл көзіме елестеп тұр: айнала көгөрай шалғын. Жан-жақтың бәрі желкілдеген көк шөп. Малдар рақаттана жайылып жүр.

Ағама айт, менің күрең тайымды ешкімге бермесін. Барған соң өзім жуасытамын.

Досың Назар
Оқудағы балалардың үйіне жазған
хаттарынан үзінді
Ыбырай Алтынсарин жазбаларынан

3. Хатты кім жазған?
4. Назар бұл хатты кімге жазған?
5. Назар жазғы демалысын қайда, қалай өткізбекші?
6. Мәтіннен жаз айының көрінісін білдіретін тиісті сөздерді теріп жаз:



... шалғын
желкілдеген
... жайылған

Саясында өн салып,
Құстар жүрген сайрап.

3. Сылдыр қағып,
Таудан құлап,
Жатыр ағып
Мөлдір ...

5. Жарқ етсе
Сабау қамшы,
Нөсерлетіп
Жауар тамшы.

4. Үлкен балық суда
жүзген
Таба алмас тұрақ
жерден.

6. Төгіліп жерге ақ
моншақ,
Ғайып болды сол
шақта-ақ.

7. Қанаты бар тышқан
Жасырынып күндіз,
Қараңғыда ұшқан.



2. Суреттен не көріп тұрсың? Дәптеріңе жаз.



- Суретте нелер бейнеленген?
- Таудан су қалай ағады?
- Тау етегінде қандай жеміс ағаштары өскен?
- Жемістің дәмі қандай?
- Таудан аққан бұлақта не кездеседі?
- Оның қимыл-ерекшелігі туралы не айтар едің?
- Өзің тақырып ойлап, сурет бойынша әңгіме құра.

3. Осы бөлімде қайда саяхат жасағаныңды есіңе түсір.
Кластер құрастыр.



МАЗМҰНЫ

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Дене мүшем сау болсын.	
<i>Міржақып Дулатов.</i> Байлық	3
Денсаулығым – байлығым.	
Байлық пен ақыл (<i>Ертегі</i>)	4
Қомағайлық – жаман әдет.	
Қомағайлық (<i>Мысал</i>)	7
Қожанасыр мен ашқарақ (<i>Аңыз</i>)	7
Көп ұйықтаған зиян-ау.	
<i>Оспанхан Әубәкіров.</i> Сүт қалай ұйықтады?.....	9
Тазалықты сүйемін.	
<i>Ыбырай Алтынсарин.</i> Салақтық	11
Жуынамын күнбе-күн.	
<i>Корней Чуковский.</i> Кірқоймас	14
Мен де спортшы боламын.	
<i>Қыдырбек Рысбекұлы.</i> Бекзат.....	17
Шынықсын денеміз.	
<i>Бердібек Соқпақбаев.</i> Шынықсын денеміз	19
<i>Бүркіт Ысқақов.</i> Қыста қызық жұмыс бар	20
Мен істейтін жұмыс бар.	
<i>Қадыр Мырза Әли.</i> Жұмыстың жылуы	22
Көңіл сұрауды білемін.	
Жолбарыс пен түлкі (<i>Ертегі</i>)	24
Жемістерде дәруменнің көп екенін білемін.	
Арудың себебі.....	25
<i>Мұзафар Әлімбаев.</i> Алма	26
<i>Мұзафар Әлімбаев.</i> Қарақат	27
<i>Тұманбай Молдағалиев.</i> Өрік	27
<i>Жәнібек Кәрбозин.</i> Өс, өс, қиярым!.....	27
Судың қаупі.	

<i>Қабдыкәрім Ыдырысов. Қап, қап, қармағым</i>	28
Өрттің қаупі.	
<i>Лев Толстой. Өрттен құтқарушы иттер</i>	30
Не үйрендім?	32

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Атадан қалған асыл мұра.	
Аңқау арыстан (<i>Ертегі</i>)	34
Ерте, ерте, ертеде.	
Ұр, тоқпақ (<i>Ертегі</i>)	38
Ерке күнім,	
Келді тағы кезегі ертегінің.	
Сақина (<i>Ертегі</i>)	41
Ертегілер әлемінен.	
<i>Леонардо да Винчи. Құмырсқа және бидай дәні</i>	45
Ұйықта, бөпем, жата ғой.	
<i>Ыбырай Алтынсарин. Бұл кім?!</i>	48
Әлди, әлди аппағым!	48
<i>Мағжан Жұмабаев. Бесік жыры</i>	49
Қош келдің, Наурыз!	
Наурыз мерекесі	50
Наурыздағы тілек	51
<i>Қабдеш Жұмаділов. Ұзынсары</i>	52
Қошақаны қойдың.	
Қой	53
Құлыншағым құлдырап.	
Торы құлын	55
Бұзауқаным.	
Сиыр	56
Ботақаным.	
Түйе	58
Қожекеңде қонақта.	

Қожанасыр мен Алдаркөсе (<i>Аңыз</i>)	59
Үш сом (<i>Аңыз</i>)	60
Қожанасырдың көшуі (<i>Аңыз</i>)	60
Қожанасырдың аттан түсуі (<i>Аңыз</i>)	61
Өтірік өлең құрастырамын.	
Өтірік өлең	62
Мақал-мәтел оқып, жұмбақ шешейік.	
Жаңылтпаш жаттайық.	
Жаңылтпаштар	63
Жұмбақтар	66
Билерше билік айтуға үйренемін.	
Үш бидің шешендік сөздері	67
Не үйрендім?.....	69

ҚОРШАҒАН ОРТА

Жерім жомарт – адамзатты асыраған.	
<i>Мұзафар Әлімбаев. Кім жомарт? Не жомарт?</i>	71
Құрметтейік, Жер-Ананы!	
<i>Ғабит Мүсірепов. Құрметтейік, Жер-Ананы</i> <i>(Аңыздан үзінді)</i>	73
Ағашқа күтім жасаймын.	
<i>Бердібек Соқпақбаев. Ағаштар неге ашуланды?....</i>	74–79
Жыл мезгілдері.	
Жыл мезгілдері (<i>Ертегі</i>)	79
Бір кесегін үзіп ап,	
Үйіме әкеп қояр ма ем?!	
<i>Мұзафар Әлімбаев. Кемпірқосақ.....</i>	81
Сүп-сүйкімді лағым.	
<i>Мамытбек Қалдыбаев. Еліктің лағы</i>	82
Аңдар да сөйлейді.	
<i>Абдырахман Асылбеков. Түлкі мен Тиін (Мысал)</i>	86
Табиғаттың тосын сыйы.	
<i>Дәулет Қасенов. Найзағай.....</i>	88

Табиғатым құстарменен көрікті. <i>Шона Смаханұлы. Бұлбұл мен</i>	
Тоқылдақ (<i>Мысал</i>)	90
<i>Зура Мейірханова. Біздің қарлығаш</i>	93
Осындай да ғажап бар. <i>Леонардо да Винчи. Арыстан мен қозы</i>	94
Не үйрендім?.....	96

САЯХАТ

Егістікте болдың ба? <i>Асқар Тоқмағамбетов. Бидай мен Қаңбақ (Мысал)</i> ..	97
Бақшада. <i>Есентай Ерботин. Даңғой (Мысал)</i>	100
Мен – теңізшімін. <i>Спиридон Вангели. Дельфин</i>	102
Мен де ғарышкер боламын. <i>Нұртөре Жүсіп. Гиннес кiтабына кiрген қазақ</i>	105
Ғарышқа саяхат. Ғарышқа ұшқан жануарлар	107
Көлге саяхат. <i>Шона Смаханұлы. Тәкаппар (Мысал)</i>	109
Көлге саяхат. <i>Сәкен Сейфуллин. Көлде</i>	111
Тамаша ғой жазғы орман! <i>Мұхтар Әуезов. Бүлдірген тере барғанда</i>	113
Мұнайлы елім бар. <i>Шәкен Күмісбаев. Жүк кемесі қайда жүзіп барады?</i>	115
<i>Қайрат Жұмағалиев. Мұнайшы</i>	116
Тауларым бар тізілген. <i>Жамбыл Жабаев. Алатау</i>	118
Жазғы саяхатқа дайындаламын. <i>Ыбырай Алтынсарин. Досыма хат</i>	120
Не үйрендім?.....	121

О қ у б а с ы л ы м ы

Қабатай Бидана Тұрсынханқызы

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

Редакторлары Ж. Қайранбай, А. Ноғайбаева

Суретшісі Б. Ералиева

Көркемдеуші редакторлары М. Нұрбеков, В. Пак

Техникалық редакторы Ұ. Рысалиева

Корректоры Е. Амангелді

Компьютерде беттеген С. Төлегенова

ИБ №006

Теруге 12.01.2017 берілді. Басуға 10.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₁₆.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 13,44.
Есептік баспа табағы 6,19. Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №2410.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.